

**«Астана медицина университеті» КеАҚ**

ӘОЖ: 615.276:615.07

ХПК: G06Q30/0201, A61P29/00

**Жорабек Нұрсұлу Муратқызы**

**СТЕРОИДТЫ ЕМЕС ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ  
НАРЫҒЫН МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ**

7M10104 – «Фармация»

Медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін  
диссертациялық жұмыс

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент Ахелова Ш.Л.

Рецензент: PhD, қауымдастырылған профессор Жакипбеков К. С.

**Астана 2024 ж.**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	10
<b>1 ҚАЗІРГІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ СТЕРОИДТЫ ЕМЕС ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	15
1.1 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың әлемдік нарығының сипаттамасы: дәрілік заттардың айналымы мен бәсекелестіктің кейбір аспектілері.....	15
1.2 ЕАЭО елдерінің фармацевтикалық нарығындағы стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың айналымы .....	20
1.3 Қазақстандық фармацевтикалық нарықта стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың таралуы және оның импортты алмастыруға бағытталуы.....	21
1.4 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың сипаттамасы, жіктелуі, әсер ету механизмі мен қолдану саласы.....	25
<b>2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ</b> .....	33
2.1 Зерттеу материалдары.....	34
2.2 Зерттеу әдістері .....	35
<b>3 ЭКСПЕРИМЕНТТІК БӨЛІМ</b> .....	39
3.1 Ревматоидты артрит ауруының Қазақстан Республикасы бойынша таралу динамикасы.....	39
3.2 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі маркетингтік талдау негізінде стероидты емес қабынуға қарсы препараттар сегментіндегі ҚР фармацевтикалық нарығының кейбір индикаторларын салыстырмалы талдау .....	47
3.3 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың фармакоэкономикалық талдауы бойынша нәтижелері.....	69
3.4 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тағайындау кезінде медицина қызметкерлерінің қалауларын таңдау .....	75
3.5 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың соңғы тұтынушыларының мінез-құлық ерекшеліктері мен сипаттамалары .....	80
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	85
<b>ТҰЖЫРЫМ</b> .....	86
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫМДАР</b> .....	87
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	88
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b> .....	975

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертацияда келесі нормативтік-заңнамалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1. ҚР дәрілік препараттарының мемлекеттік тізілімі
2. «Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды қалыптастыру қағидаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-326/2020 бұйрығы
3. «Дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 ақпандағы 16 бұйрығы
4. «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы
5. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың, сондай-ақ медициналық бұйымдардың шекті бағалары мен үстеме бағаларын реттеу және қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-247/2020 бұйрығы
6. «Формулярлық жүйе қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі № ҚР ДСМ -28 бұйрығы
7. «Дәрілік заттардың ұтымды пайдалануына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № ҚР ДСМ-179/2020 бұйрығы
8. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі
9. «Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың ортақ нарықтарын реттеу мәселелері жөніндегі актілері туралы» Еуразиялық Экономикалық Кеңес комиссиясының 2017 жылғы 17 мамырдағы № 15 бұйрығы
10. ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамалары

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертациялық жұмыста тиісті анықтамалары бар келесідей терминдер қолданылады:

*Дәрілік зат* – затты не заттардың құрамасын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат.

*Дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ)* – тұтынушыға арналған ақпараттан тұратын және қаптамадағы дәрілік препаратқа қоса берілетін құжат.

*Дәрілік затты өндіруші ұйым* – өндірісті немесе өндірістің бір немесе бірнеше кезеңін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

*Дәрілік нысан* - дәрілік препараттың оны енгізу және қолдану тәсілдеріне сәйкес келетін және қажетті емдік әсерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жай-күйі.

*Дәрілік препарат* – бұл емдік немесе профилактикалық мақсатта қолданылатын дайын өнім. Дәрілік препараттар қажетті профилактикалық, диагностикалық немесе емдік әсерге қол жеткізілетін қолдануға ыңғайлы жағдайды (дәрілік форманы) бере отырып, дәрілік заттардан дайындалады.

*Дженерик* – түпнұсқа препараттарға биоэквивалентті болып келетін, белсенді заттардың құрамы бірдей, бірақ, қосымша заттардың құрамы бойынша түпнұсқалы препараттардан өзгешеленетін дәрілік препарат.

*Дозалау* – дәрілік нысан бірлігіндегі, сондай-ақ дәрілік препаратты дұрыс сәйкестендіру және қолдану үшін маңызды дәрілік препараттың салмағы немесе көлемі бірлігіндегі әсер етуші заттың мөлшері.

*Клиникалық хаттамалар* - бұл клиникалық нұсқаулар негізінде жасалған белгілі бір ауруға немесе клиникалық жағдайға профилактикалық, диагностикалық, емдеу және оңалту шараларын қолдану бойынша ұсыныстар.

*Көмекші заттар* - қажетті физика-химиялық қасиеттерді беру үшін дәрілік препараттарды өндіру, дайындау процесінде пайдаланылатын бейорганикалық немесе органикалық тектес заттар.

*Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр* (бұдан әрі - ҚҰФ) - медициналық ұйымдардың дәрілік формулярларын әзірлеу және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды сатып алу тізімдерін қалыптастыру үшін

міндетті негіз болып табылатын, клиникалық қауіпсіздігі және тиімділігі дәлелденген дәрілік заттардың, сондай-ақ орфандық (сирек кездесетін) дәрілік препараттардың тізбесі.

*Маркетинг* - бұл тұтынушылар мен олардың топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру, нарықта ұсыну немесе қызметтер мен тауарларды айырбастау арқылы ұйымды басқару элементі.

*Маркетингтік талдау* - бұл тұтынушылардың қажеттіліктері мен қалауларын анықтау, нарықтағы бәсекелестік ортаны бағалау, тенденцияларды талдау және тауарға немесе қызметке сұранысты болжау мақсатында нарықты зерттеу процесі.

*Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар* - ауырсынуды басатын, дене қызуын төмендететін және қабынуға қарсы әсері бар дәрілік заттар тобы.

*Түпнұсқа препарат* – алғаш рет өндіруші фирма нарыққа шығарған, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулердің толық циклынан өткен, 20 жылға дейін патентпен қорғалынатын дәрілік препарат.

*Фармакоэкономикалық талдау* - бұл медициналық және фармацевтикалық объектілерді салыстыру кезінде экономикалық тиімділікті бағалауға мүмкіндік беретін әдістер мен әдістердің жиынтығы.

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	-	Акционерлік Қоғам
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
АТХ	-	Анатомиялық-терапиялық-химиялық жіктелуі
БҰҰДБ	-	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ГКС	-	Глюкокортикостероидтар
ДДСҰ	-	Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы
ДЗ	-	Дәрілік зат
ДП	-	Дәрілік препарат
ДСМ	-	Денсаулық Сақтау Министрлігі
ДФ	-	Дәрілік форма
ЕАЭО	-	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЖСШ	-	Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік
ЖІӨ	-	Жалпы ішкі өнім
ҚР	-	Қазақстан Республикасы
ҚҰФ	-	Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр
мг	-	миллиграмм
мл	-	миллилитр
млн	-	миллион
млрд	-	миллиард
ММБ	-	Медициналық мақсаттағы бұйымдар
МТ	-	Медициналық техника
ОТӨ	-	Отандық тауар өндіруші
РА	-	Ревматоиды артрит
тг	-	теңге
ТК	-	тіркеу куәлігі
трлн	-	триллион
ХПА	-	Халықаралық патенттелмеген атауы
ЦОГ	-	Циклооксигеназа
GMP	-	Тиісті өндірістік тәжірибе стандарты
IQVIA	-	фармацевтикалық және биофармацевтикалық салаларда және корпоративтік аутсорсингте қызмет көрсететін компания
NSAID	-	Non steroidal anti inflammatory drug
UNICEF	-	United Nations Children's Fund

## КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

- Кесте 1 Фармацевтикалық нарықтағы үздік 10 мемлекет, 2019ж
- Кесте 2 Үздік 10 фармацевтикалық компания, 2020ж
- Кесте 3 Үш үздік дәріхана желісінің 2023 жылдың 1 жарты жылдығына арналған рейтингі
- Кесте 4 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың белсенділігі мен химиялық құрылымы бойынша жіктелуі
- Кесте 5 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың жіктелуі
- Кесте 6 Қазақстан Республикасы бойынша 2014-2016 жылдары алғаш рет диагнозы анықталған ревматикалық аурулардың жиілігі мен таралуы
- Кесте 7 2017-2019 жылдары Қазақстан Республикасында РА таралуы және сырқаттануы
- Кесте 8 2017-2019 жылдары жасына және жынысына байланысты 100 мың тұрғынға РА таралуы
- Кесте 9 Жынысына байланысты 2017-2019 жылдардағы РА таралуы және сырқаттанушылығы
- Кесте 10 2017-2019 жылдары Қазақстан өңірлері бойынша РА таралуы
- Кесте 11 2017-2019 жылдары Қазақстанның өңірлері бойынша ревматоидты артритпен сырқаттанушылық
- Кесте 12 Емдеу-алдын алу ұйымдарында тіркелген аурулар класы бойынша халықтың жалпы сырқаттануы
- Кесте 13 GMP стандартына сай жұмыс істейтін отандық өндірушілер, 2023 жыл
- Кесте 14 Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығындағы отандық стероидты емес қабынуға қарсы препараттар тобы
- Кесте 15 ҚР Мемлекеттік тізілімінде тіркелген құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттар
- Кесте 16 ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығындағы бөлшек, госпитальдық сегменттеріндегі сату көрсеткіші
- Кесте 17 ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығында бөлшек сегментіндегі сату көрсеткіші
- Кесте 18 ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығында госпитальдық сегментіндегі сату көрсеткіші

Кесте 19 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттармен емдеудің болжамды құнын салыстыру



- Сурет 1 Әлемдік фарминдустрия тенденцияларын талдау
- Сурет 2 Арахидон қышқылының метаболизмі
- Сурет 3 Қазақстан Республикасы халқының ревматоидты артритпен сырқаттануы
- Сурет 4 2017-2019 жылдары Қазақстан өңірлері бойынша РА таралуы және сырқаттануы
- Сурет 5 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың түпнұсқа және генериктер үлес мөлшері
- Сурет 6 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың ассортименті
- Сурет 7 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының өндіруші елдері
- Сурет 8 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың физикалық күйі бойынша талдау нәтижелері
- Сурет 9 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың дәрілік қалып бойынша жіктелуі
- Сурет 10 Отандық өндірушілер
- Сурет 11 Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында стероидты емес қабынуға қарсы препараттар тобын өндіруші отандық фирмалардың үлесі
- Сурет 12 Рецепт бойынша және рецептсіз босатылатын стероидты емес қабынуға қарсы ДП үлесі
- Сурет 13 Құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар препараттар ассортиментінің дәрілік қалыптары
- Сурет 14 Қазақстан Республикасының нарығында тіркелген құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттарды өндіруші мемлекеттер
- Сурет 15 Стероидты емес қабынуға қарсы ДЗ бөлшек сауда нарығын баға санаттары бойынша сегменттеу
- Сурет 16 Респонденттердің жынысы
- Сурет 17 Респонденттердің мамандығы
- Сурет 18 Дәрігерлер мен фармацевттердің жұмыс тәжірибесі
- Сурет 19 Сүйек-бұлшықет жүйесінің қабыну және дегенеративті ауруларына шалдығатын адамдар санаты
- Сурет 20 Ревматоидты артрит кезінде тағайындалатын препараттар
- Сурет 21 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындау жиілігі
- Сурет 22 Жыл мезгіліне байланысты ревматоидты артритті емдеуде қолданылатын ДП тағайындалуы
- Сурет 23 ДП тағайындау кезеңіндегі дәрігерлердің қалауы
- Сурет 24 Дәрігерлер жиі тағайындайтын стероидты емес қабынуға қарсы препараттар
- Сурет 25 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың өндірушілеріне

- дәрігерлердің қалауы мен сенімі
- Сурет 26 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобын тұтынушылардың жынысы
- Сурет 27 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тұтынушылардың жас ерекшеліктері
- Сурет 28 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды респонденттердің сатып алу жиілігі
- Сурет 29 Тұтынушылардың стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың ассортиментіне қанағаттануы
- Сурет 30 ДП таңдау кезеңінде тұтынушылардың қалауы
- Сурет 31 Респонденттердің стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қолдану себептері
- Сурет 32 Тұтынушылар жиі қолданатын стероидты емес қабынуға қарсы препараттар
- Сурет 33 ДП таңдауда мән беретін қолдану жөніндегі нұсқаулықтың маңызды бөлімдері

## **КІРІСПЕ**

### **Жұмыстың өзектілігі.**

Қазіргі уақытта стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар халықтың тұтыну көлемі бойынша жетекші орынға ие. Мәліметтерге сәйкес, әлемде 30 миллионнан астам адам күн сайын стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қабылдайды және бұл науқастардың 40%-ы 60 жастан асқан. 300 миллион адам оларды кем дегенде қысқа мерзімде қабылдайды [1].

Қабынуға қарсы, ауыру мен қызуды басатын әсері бар стероидты емес қабынуға қарсы препараттар ревматикалық, неврологиялық және травматологиялық ауруларда кеңінен қолданылады. Мамандардың бағалауы бойынша, ревматоидты артрит пен остеоартритпен ауыру мәселесі бүкіл әлемдегі ересектердің 10-30% -ында кездеседі. 40-60 жас аралығындағы адамдар арасында бұл патология одан да кең таралған [2].

Бір-бірімен бәсекелес шетелдік және отандық әртүрлі фармацевтикалық компаниялар стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды шығарады. Дәрілік заттар сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексіне сәйкес бұл сала Ұлттық қауіпсіздік саласына жатқызылған [3]. Қазақстандық препараттардың едәуір бөлігі іс жүзінде халықаралық өндіріс стандарттарына көшті, отандық дәрілік препараттар шетелдік және ұқсас компоненттерден кем түспейтін жабдықта шығарыла бастады, соның арқасында отандық және импорттық дәрілік заттар әсерлері іс жүзінде бір-бірінен ерекшеленбейді, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін көрсетуі мүмкін. Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының фармацевтикалық саласын дамыту» жобасының маңызды мақсаттарының бірі дәрілік заттар қолжетімділігін, олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ, отандық фармацевтикалық индустрияны дамыту және импортқа тәуелділікті төмендету, бәсекеге қабілетті фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту болып табылады [4].

ҚР Статистика комитеті мен IQVIA ақпараттық-талдамалық деректер базасының деректері бойынша, отандық компаниялар өндірісі небәрі 9-12% үлесті алады. Шетелдік дәрілік заттардың отандық дәрілік заттардан қымбат болуы, халықтың немесе мемлекеттің шетелдік дәрілік препараттарға артықшылық беруі отандық өндірушілерді жергілікті фармацевтикалық өндірісті қолдау және дамыту үшін пайдалана алатын қаражаттан айырады.

Осылайша, қазақстандық фармацевтикалық нарық өзінің тұрақты дамуына қарамастан, әлі де болса сыртқы және ішкі орта факторларын ескере отырып, оны одан әрі дамыту мақсатында зерттеуді және талдауды қажет ететін шетелдік компаниялармен өндірушілер үшін импорттық нарық болып табылады.

Медицинада кеңінен қолданылатын, кең сұранысқа ие стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар өндірісін дамыту, маркетингтік зерттеулер жүргізе отырып, импортты отандық өндіріске алмастыру өзекті мәселе болып табылды.

**Жұмыстың мақсаты.** Импортты алмастыру мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың фармацевтикалық нарығын салыстырмалы маркетингтік талдау.

**Жұмыстың міндеттері:**

1. Халықтың тірек-қимыл жүйесі мен ревматикалық сырқаттанушылығы бойынша статистикалық деректерді талдау.

2. Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығының 2019 – 2023 жылдар аралығындағы стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобын сату көрсеткіші бойынша талдау.

3. Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды фармакоэкономикалық талдау және медицина қызметкерлері мен тұтынушылардың қатысуымен препараттардың тиімділігін бағалау, тұтынушының портретін анықтау.

4. Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының препараттарын маркетингтік зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу.

**Зерттеу әдістері:**

Магистрлік диссертация салыстырмалы, құрылымдық, логикалық, фармакоэкономикалық, статистикалық, ақпараттық-аналитикалық, графикалық, маркетингтік талдау мен зерттеуді, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тұтынушыларының сауалнамасы түріндегі әлеуметтанулық зерттеулерді пайдалана отырып орындалды.

**Зерттеу нысандары:**

ҚР Мемлекеттік реестрінде тіркелген стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың ассортименті, IQVIA ақпараттық-талдамалық деректер базасы (Quintiles Transnational/IMS Health); ҚР ДСМ статистикалық деректері; мерзімді мамандандырылған басылымдардың мақалалары; әртүрлі мамандықтағы дәрігерлер мен фармацевттер және дәрілік заттарды тұтынушылар толтырған сауалнамалар.

**Зерттеу пәндері:**

Қазақстан Республикасының стероидты емес қабынуға қарсы препараттарының фармацевтикалық нарығы, ҚР дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімі, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар тобының дәрілік заттары, Қазақстан ұлттық дәрілік формуляры.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

Алғаш рет Астана қаласы мысалында Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығының отандық және импорттық өндірістің стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарына салыстырмалы маркетингтік талдау жүргізілді.

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тұтынушының портреті құрылды, тұтынушылардың негізгі қалауы анықталды. Медицина қызметкерлері

мен тұтынушылардың қатысуымен отандық және импорттық өндірістің стероидты емес қабынуға қарсы препараттарының тиімділігін бағалау жүргізілді.

Кешенді зерттеу және алынған нәтижелер негізінде «Астана медицина университеті» КеАҚ студенттері мен магистранттары үшін стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының препараттарын маркетингтік талдау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

#### **Практикалық маңыздылығы:**

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері фармация саласындағы ғылыми-практикалық білімге теориялық үлес қосуға көмектеседі. Қазақстан Республикасының стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың фармацевтикалық нарығын талдау осы топ препараттарының ассортименттері мен өндірушілерді, импортталатын елдерді анықтауға көмектеседі.

Әр түрлі мамандықтағы дәрігерлермен фармацевттердің және стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың түпкі тұтынушыларының пікірлері, отандық және импорттық өндірістің зерттеу тобын таңдау, тағайындау және тұтыну кезіндегі сипаттамалар мен артықшылықтарды бағалауға және анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері өндірісті кеңейту және дәрілік заттар импортын алмастыру мәселелерін шешу үшін ақпараттық база болып табылады, бұл Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығының бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға ықпал ететін болады.

#### **Зерттеу базасы:**

Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының қалалық емханалары, дәріханалық ұйымдар; «Астана медицина университеті» КеАҚ фармацевтикалық пәндер кафедрасы.

#### **Қорғауға шығарылатын ережелер:**

1. ҚР бойынша жүргізілген стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың маркетингтік және фармакоэкономикалық талдау нәтижелері;
2. Отандық және шетелдік өндірістің зерттелетін тобының дәрілік заттарын таңдау, рецептілеу және тұтыну кезіндегі сипаттамалары мен артықшылықтарын бағалауға және анықтауға мүмкіндік беретін социологиялық зерттеу нәтижелері;
3. Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының препараттарын маркетингтік зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдары.

#### **Диссертацияның көлемі мен құрылымы:**

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, өзара байланысты үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертация материалдары компьютерлік терімнің 94 бетінен құралған, 19 кесте мен 33 суретті қамтиды. Библиография 110 қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

#### **Диссертация тақырыбы бойынша жарияланды:**

1. Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін: Ахелова Ш.Л., Жорабек Н.М. Ревматологиялық тәжірибедегі стероидты емес қабынуға қарсы препараттар // «Фармацевтика саласының қазіргі жағдайлары: мәселелері мен болашағы» IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Ташкент, 2023. – Б.141-142.

2. Журналдардағы мақала үшін: Ахелова Ш.Л., Жорабек Н.М. Мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік құралдардың Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарығындағы маркетингтік талдауы // Жас ғалымдар мен студенттердің «Биология, медицина және фармацияның даму перспективалары» X Халықаралық ғылыми конференциясы. – Шымкент, 2023. – Б.53-60.

3. Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін: Ахелова Ш.Л., Жорабек Н.М. Ревматоидты артритті емдеу үшін стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қолдану // «Фармация ғылыми мектебінің қалыптасуы және даму келешегі: ұрпақтар сабақтастығы» V Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Алматы, 2023. – Б.177-178.

# **1 ҚАЗІРГІ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ СТЕРОИДТЫ ЕМЕС ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

## **1.1 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың әлемдік нарығының сипаттамасы: дәрілік заттардың айналымы мен бәсекелестіктің кейбір аспектілері**

XXI ғасырда фармацевтикалық препараттардың әлемдік нарығы - бұл ең жаңа дәрі-дәрмектерді ойлап табумен және енгізумен айналысатын ғылыми қызметкерлерден, дәрілік препараттарды өндіруді және сатуды жүзеге асыратын дәрілік зат өндірушілері мен сатушыларынан, дәрілік өнімдерді тағайындайтын медицина қызметкерлерінен және препараттарды тікелей пайдаланатын соңғы тұтынушылардан тұратын бірыңғай кооперация. Нарықтың бірегей ерекшелігі оның функцияларында да көрінеді. Негізінен, бұл халықтың денсаулығын сақтау және қоғамның барлық мүшелерін оңай қол жетімді етумен қамтамасыз ету. Бұл ретте фармацевтикалық өнімді тұтыну әртүрлі мемлекеттердегі медицинаның қалыптасу және даму дәрежесі, денсаулық сақтау ұйымдарының қаржылық қамтамасыз етілуі, қоғамның әлеуметтік саласы, фармацевтикалық кеңістіктегі дәрі-дәрмек өндірушілердің өнімді қызметі, пациенттер мен тұтынушылардың қалауы сияқты факторларға байланысты [5].

Фармацевтикалық нарық - олигополиялық нарық болып табылады және әлемдік фармацевтикалық өнеркәсіптің географиялық құрылымы аймақтық сегменттермен ұсынылған: бұрыннан қалыптасқан және дамыған державалардың нарықтары (Солтүстік Америка, Батыс Еуропа, Жапония), дамушы экономикалар нарықтары және басқа елдер [6].

Фармацевтикалық, биофармацевтикалық салаларда және корпоративтік аутсорсинг IQVIA қызметтерін ұсынатын аналитикалық компанияның зерттеулеріне сәйкес, әлемдік дәрі-дәрмек нарығы алдағы 4 жылда 1,9 трлн АҚШ долларына жетеді. Дәрілік заттар нарығының ақшалай өсуі оларды қолдану динамикасымен байланысты: 2027 жылға қарай дәрі-дәрмектерді тұтыну 3,4 трлн тәуліктік дозаға дейін өседі [7]. Орташа жылдық өсу қарқыны 1,6% құрайды. Дәрілік заттарды дүниежүзілік тұтыну келесідей бөлінеді: Азия-Тынық мұхиты аймағының тұрғындары (күніне 625 млрд доза, 2027 жылға дейін 2,5% өсу); Үндістан (499 млрд доза, 2,4% өсім); Оңтүстік Америка елдері (424 млрд доза, 2,4% өсім); Шығыс Еуропа (378 млрд, 0,5%); Батыс Еуропа (412 млрд доза, 0,4%); Солтүстік Америка (255 млрд доза, 0,1%); Жапония (125 млрд, 0,4%) [8].

Жаһандық фармацевтика әлемдік экономикада маңызды орын алады, инновациялық процестердің күрделі құрылымы мен ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар жоғары инвестициялық тартымдылығымен және өндірісте де, жаңа молекулаларды дамытуда да жұмыс орындарының жеткілікті көптігімен сипатталады [9]. Айта кету керек, фармацевтика өнеркәсібі көптеген еуропа елдерінің экономикасын дамытудың негізгі факторы болып қала береді және

жоғары технологиялық өндірістік процестермен байланысты экономиканың ең ғылымды қажет ететін салаларының бірі болып табылады. Жыл сайын жаһандық нарыққа 30-дан астам жаңа молекулалар шығатын ғылыми зерттеулерге инвестициялардың ауқымын атап өту қажет (Сурет 1) [10].



Сурет 1 - Әлемдік фарминдустрия тенденцияларын талдау

Инновациялық мүмкіндіктер мен бәсекеге қабілеттілік жағдайында елдердің экспорттық әлеуеті, нақтырақ айтқанда, олардың жоғары технологиялық экспорты жиі қарастырылады. Фармацевтика өнеркәсібінің стратегиялық дамуына демографиялық және эпидемиологиялық тенденциялар әсер етеді: тән аурулар ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын және саладағы әлемдік инвестициялық белсенділіктің бағытын анықтайды. Бұл процесте BigPharma компаниялары инновациялық процестерге жетекшілік ететін және инновациялық молекулаларды дамытуға орасан зор ақшаны инвестициялайтын басты рөл атқарады [11].

Сонымен қатар, әлеуметтік маңызды сала болып қала отырып, фармацевтика саласы нормативтік шешімдерге және ғылыми-зерттеу процестерін басқару тиімділігіне өте тәуелді. Осылайша, коронавирустық пандемия әлемдік қоғамдастықтың мұндай сын-қатерлерге өте осалдығын көрсетті және дәрілік заттардың қауіпсіздігінің кепілі ретінде фармацевтика саласын дамыту қажеттігін көрсетті [12].

2020 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік фармацевтикалық нарықты пандемия жағдайында белсенді түрде дамып келе жатқан және белсенді өсуді көрсететін жалғыз нарық ретінде жіктеуге болады. Covid-19 пандемиясына дейін баға қысымы, нәтижеге бағдарлау, күрделі дәрі-дәрмек портфолиосы және қатаң нормативтік-құқықтық орта сияқты мәселелер болды. Дегенмен, мәселелермен



бірге өзгерістер мен мүмкіндіктер пайда болды, фармацевтика саласы болашаққа карап икемді бейімделді [13].

«Fortune Business Insights» жетекші сарапшыларының мәліметтеріне сай, әлемдік фармацевтика өнеркәсібінің құны 2020 жылы 1,12 триллион АҚШ долларын құраса, 2023 жылға қарай 1,57 триллион АҚШ долларына жетті [14]. Ісікке қарсы, диабетке қарсы және ревматизмге қарсы препараттар өндірісін жылына 12% - ға ұлғайту есебінен 6% - ға орташа жылдық өсу қарқынының оң үрдісі байқалуына орай, фармацевтикалық сектордың табысы мен кірісінің ЖІӨ-ге әсері артты. 2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сату көлемі 2 триллион АҚШ долларынан асты – бұл әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 1,4%-ын құрайды. 116 елдің экспортталатын дәрі-дәрмектерінің жаһандық сатылымы 392,9 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл ретте фармацевтика саласында халықтың жұмыспен қамтылуы 4,4 млн. адамды құрады – планетаның еңбекке қабілетті халқының 0,1% құрайды [15].

IQVIA халықаралық аналитикалық компаниясының мәліметі бойынша, 2019 жылдың қорытындысы бойынша рейтингті 501,2 млрд АҚШ долларын құрайтын нарық көлемімен АҚШ бастап тұрса, әлемдік фармацевтикалық нарықтың жалпы құнының 79,5%-ы топ-10 елге тиесілі (Кесте 1).

Кесте 1 - Фармацевтикалық нарықтағы үздік 10 мемлекет, 2019ж

Rank	Country	Sales 2019 (billions, US)	% Growth over 2018
1	United States	501.2	4.4
2	China	94.9	9.1
3	Japan	79.0	2.3
4	Germany	51.9	6.7
5	France	35.2	2.9
6	Italy	32.9	3.0
7	United Kingdom	26.4	7.8
8	Spain	24.3	5.1
9	Brazil	24.3	9.3
10	Canada	22.6	5.4
<b>Top 10 pharmaceutical markets</b>		892.7	5.0

«PharmaBoardroom» және «Evaluate Ltd.» сияқты фармацевтикалық нарықты зерттеу жөніндегі беделді дереккөздердің деректеріне сәйкес «BigPharma» Топ-10 компаниясының сатылымы әлемдік фармацевтикалық нарық құнының 35%-ын алады [16].

Дәрі-дәрмектің жылдық кірісі мен R&D шығындарының жалпы көрсеткіштері көрсеткендей, бұл компаниялардың жиынтықта нәтиже шығару және инвестицияларды қолдау қабілеті, сайып келгенде, жаңа ғылыми және перспективалық инновацияларды бекітілген емдеу әдістеріне айналдыруға

көмектеседі (Кесте 2). Шын мәнінде, жетекші фармацевтикалық компаниялар дәрі-дәрмектерді сатудың 20,8% - на дейін жаңа дәрі-дәрмектерді әзірлеуге қайта инвестициялайды.

Кесте 2 - Үздік 10 фармацевтикалық компания, 2020ж

		<b>2019 Rx Sales</b>	<b>2019 R&amp;D Spend</b>
<b>1</b>	<b>Roche</b> BASEL, SWITZERLAND	\$48.247	\$10.293
<b>2</b>	<b>Novartis</b> BASEL, SWITZERLAND	\$46.085	\$8.386
<b>3</b>	<b>Pfizer</b> NEW YORK, NEW YORK	\$43.662	\$7.988
<b>4</b>	<b>Merck &amp; Co</b> KENIL WORTH NEW JERSEY	\$40.903	\$8.730
<b>5</b>	<b>Bristol Myers Squibb</b> NEW YORK, NEW YORK	\$40.689	\$9.381
<b>6</b>	<b>Johnson &amp; Johnson</b> NEW BRUNSWICK, NEW JERSEY	\$40.083	\$8.834
<b>7</b>	<b>Sanofi</b> PARIS, FRANCE	\$34.924	\$6.071
<b>8</b>	<b>AbbVie</b> NORTH CHICAGO, ILLINOIS	\$32.351	\$4.989
<b>9</b>	<b>GlaxoSmithKline</b> BRENTFORD, ENGLAND	\$31.288	\$5.541
<b>10</b>	<b>Takeda</b> OSAKA, JAPAN	\$29.247	\$4.432

Сондай-ақ, фармацевтика өнеркәсібін белсенді мемлекеттік қолдау бірқатар дамушы елдерге, ең алдымен Үндістан мен Қытайға ішкі нарықтарды қорғап қана қоймай, сыртқы нарыққа сәтті шығуға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн. Қытайдың фармацевтикалық нарығындағы өз өндірушілерінің үлес салмағы 70%, Үндістан – 80% құрайды. Мемлекет бұл елдердің әлемдік нарықтағы рөлінің өсуіне белсенді ықпал етті. Осылайша, үнділік және қытайлық компаниялардың жаһандық фармацевтикалық нарықтағы үлесі 2007 жылдан 2019 жылға дейін 6,5-тен 9,4% - ға дейін өсті [17].

Соңғы жылдардағы ең қарқынды дамып келе жатқан нарықтар Қытай мен Оңтүстік Корея болды. Қытайдағы дәрі-дәрмек өндірісі мен сапасын орталықтандыруға (GMP) баса назар аудару 800 инновациялық молекуланың өзіндік дамуын қамтамасыз етуге, 20 жаһандық өндірушілерді тартуға және фармацевтикалық айналымның халықаралық стандарттарына толығымен көшуге мүмкіндік берді [18].

Оңтүстік Корея ғылымның перспективалы бағыттары, биосимилярлар өндірісін оқшаулау, мемлекеттік және жеке капиталды тарту саласындағы инновациялық даму жолымен жүріп, елге үздік халықаралық мамандарды жұмылдырды.

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар өнеркәсібіне шолу. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар нарығы орташа бәсекеге қабілетті, бүкіл әлемде бірнеше ойыншылар бар. Нарық үлесі бойынша қазіргі уақытта нарықта негізгі ойыншылардың бірнешеуі үстемдік етеді. Ғылыми-зерттеу тәжірибелерінің қызметтерінің ұлғаюымен көптеген аймақтық ойыншылар болжамды кезеңде топ препараттарының нарығына үлес қосады деп күтілуде. Нарықтағы негізгі ойыншылардың кейбірі: Pfizer Inc., GlaxoSmithKline Plc, Johnson and Johnson, Bayer AG, Sanofi S.A., Horizon Therapeutics plc, Sun Pharmaceutical Industries Ltd, Iroko Pharmaceuticals Inc., Reckitt Benckiser Group PLC, Assertio Therapeutics, Inc. және басқалар [19].

*Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар нарығының көшбасшылары*

1. Pfizer Inc.
2. Johnson & Johnson
3. Bayer AG
4. Sanofi S.A.
5. GlaxoSmithKline plc

2020 жылы нарықтың оң динамикасының негізгі факторлары дәрілік заттарға сұраныстың күрт артуы, олардың құнының артуы және жаңа препараттардың пайда болуы болды [20]. Коронавирустық пандемияға байланысты нарықта коронавирустың алдын алуға және оның салдарымен күресуге көмектесетін көптеген жаңа препараттар пайда болды. Қалыпты уақытта нарықта ұзақ уақыт бойы жаңа дәрі-дәрмектер пайда болады, бірақ пандемия кезінде уақыт айтарлықтай қысқарды, бұл дәрі-дәрмектердің өзіндік құнына әсер етті. Осылайша, коронавирустық инфекция пандемиясы жағдайындағы әлемдік фармацевтикалық нарықтағы тенденциялар қазіргі фармацевтикалық индустрияның ажырамас бөлігі болып табылады және жергілікті реттеушілерді баға мен патенттеу жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ жаңа препараттардың жергілікті нарықтарға шығуын жеделдетуге мәжбүр етеді. Бұл ретте фармацевтика компаниялар өздерінің нарықтық модельдерін және инновациялық қызметке деген көзқарасын қайта қарауы тиіс [21]. Саланың одан әрі дамуы фармацевтикадағы инновациялық жетістіктерге және BigPharma жетекші компанияларының болып жатқан өзгерістерге реакциясына байланысты болады.

Осылайша, фармакоэкономикалық тұрғыдан алғанда ауырсынуды емдеуге арналған ДЗ әлемдік фармацевтикалық нарығы жыл сайын тұрақты өсуді көрсете отырып, болашақта да өз өсімін сақтайтын болады. Және Technavio ғаламдық қамту нарығын зерттеу жөніндегі жетекші компанияның деректері бойынша,

аурумен күресуге арналған ДЗ әлемдік нарығы өзінің өсу қарқынын тұрақты сақтай отырып, жыл сайын 4% -ға ұлғаяды.

## **1.2 ЕАЭО елдерінің фармацевтикалық нарығындағы стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың айналымы**

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – өз қызметін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ресми түрде бастаған және 180 миллионнан астам халқы бар бес елдің – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстанның кооперациясын қамтитын салыстырмалы түрде жас экономикалық альянс [22]. Осы одақтың маңызды аспектісі елдердің экономикалық құрамдас бөліктерін нығайтуға және бірыңғай нарықтық кеңістік құруға, оның ішінде ДЗ үшін де бағытталу болып табылады. Бұл мақсаттың маңыздылығы ЕАЭО мемлекеттеріндегі басқа елдерден импорттың үлкен үлесіне байланысты.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы жылдан-жылға даму үстінде. Қазіргі таңда, отандық өндірушілердің барлығы GMP стандартына сай жұмыс жасап, сапалы препараттар өндіреді.

Ресей елінің фармацевтикалық нарығы жоғары даму қарқындылығын көрсетіп келеді. Ресей Федерациясы, өз елін отандық препараттармен қамтамасыз етумен қатар, өз өнімдерін нарыққа шығарып, экспорттауда жетекші елдер қатарында [23].

Беларусь Республикасының фармацевтикалық нарығы туралы айтқанда, отандық өндірушілердің жоғары әлеуетін атап өткен жөн. Мәселен, 2016 жылдан бастап белорустық фармацевтикалық компаниялар ДЗ сату көлемі бойынша шетелдік өндірушілерді ығыстырды. Кәсіпорындар арасында Борисов медициналық препараттар зауыты және «Белмедпрепараттар» зауыты фармацевтикалық өнімдердің кең ассортиментін, соның ішінде анальгетиктер мен стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобына жататын ДП шығаратын көшбасшы болды, олар өз кезегінде экспортқа да барады. Елдің шығарылатын фармацевтикалық өнімдерінің төрттен бір бөлігі 34 елге экспортталады [24].

Арменияның фармацевтика саласы-өндірісі экспортқа бағытталған және басқа елдерге өндірілген ДЗ-ның жартысына жуығын сәтті жеткізетін санаулы салалардың бірі. Айта кету керек, республиканың барлық фармацевтикалық компаниялары 2015 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін GMP стандарттары бойынша жұмыс істейді. Сонымен қатар, дәрі-дәрмектердің ең кең ассортиментін «Арпимед» компаниясы ұсынады, ал қажетті заттар тізіміндегі ең қолжетімді құрал «Диклофенак» болды. Сондай-ақ, елде анальгин, аспирин, аскофен және басқалары сияқты есірткіге жатпайтын анальгетиктер шығарылады. Алайда, армян фармацевтикалық өндірушілері ішкі нарықта дәрі-дәрмекке деген сұраныстың 10%-ын ғана жабады [25].

Қырғызстанның ДП нарығы ЕАЭО-ның басқа елдерімен салыстырғанда импортқа ең тәуелді және 97% - ға тең. Демек, меншікті өндіріс 3% үлесін алады.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша, Қырғызстанда көбінесе дәрілік шөптер мен тағамдық қоспалар шығарылады [26].

Осыған сүйене отырып, импортқа тәуелділікке қарамастан, ЕАЭО елдерінің фармацевтика саласының зор әлеуеті бар және олардың барлық қызметі ішкі нарықты арттыруға, жеке ДЗ шығаруға және импортты алмастыруға бағдарланғаны белгілі болды. Тиісінше, жалпы фармацевтикалық кеңістікті құрудың артықшылықтарының бірі осы процестерді жеделдету. Сонымен қатар, алдағы бес жылда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің фармацевтикалық нарықтары қарқынды дамып, өз өндірісін кеңейтеді деп күтілуде.

### **1.3 Қазақстандық фармацевтикалық нарықта стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың таралуы және оның импортты алмастыруға бағытталуы**

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан импортты алмастыру мемлекеттік саясатын ескере отырып, 2025 жылға қарай фармацевтикалық нарықта қауіпсіздіктің оңтайлы бейіні бар отандық инновациялық дәрілік препараттардың болуын 50%-ға дейін ұлғайту көзделіп отыр [27]. Осыған байланысты терапевтік әлеуеті жоғары стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды зерттеу қызығушылық тудырады.

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар нарығы 2023-2028 жылдар аралығында орташа жылдық өсу қарқынын 5,2% тіркейді деп күтілуде [28]. COVID-19 кенеттен өршуі стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың сұранысының артуына әкелді, өйткені олар COVID-19 инфекцияларын емдеу үшін қолданылған. SARS-CoV-2 вирустық инфекциясынан туындаған ауырсынуды, қызбаны және қабынуды азайту үшін жұқтырған пациенттер арасында осы топ препараттары жоғары сұранысқа ие болды, бұл пандемия кезінде нарықтың өсуіне айтарлықтай ықпал етті. Сұраныс SARS-CoV-2 вирусын жұқтырған мутантты штаммдардың пайда болуына байланысты пандемиядан кейінгі кезеңде де тұрақты болады деп күтілуде, бұл алдағы бес жылда нарықтың өсуіне айтарлықтай ықпал етеді [29].

Артрит сегменті тезірек өседі және болжамды кезеңде нарықта үстемдік етеді деп күтілуде. Артриттің өсіп келе жатқан жиілігі стероидты емес қабынуға қарсы препараттар нарығын жеделдетеді деп болжануда, өйткені олар әдетте созылмалы қабыну артриті бар науқастарда қолданылады [30]. NSAIDs циклооксигеназа ферментінің деңгейінде простагландиндердің биосинтезін тежеу қабілетіне байланысты қабыну мен ауырсынуды азайтуда тиімді. Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының 2021 жылдың қазан айында жаңартылған деректеріне сәйкес, 2040 жылға қарай Америка Құрама Штаттарында дәрігер диагноз қойған артрит жағдайлары 18 және одан жоғары жастағы 78,4 миллион ересек адамға жетеді деп күтілуде [31,32,33]. Ауыр артрит семіздік, жүрек-қан тамыр аурулары, қант диабеті және басқа да функционалдық

шектеулермен тікелей байланысты физикалық белсенділікті шектей алады. Сүйек тығыздығы мен әлсіз буын байламдарының жасқа байланысты төмендеуіне байланысты егде жастағы халықтың артритке осалдығының жоғарылауы да сегменттің кеңеюіне ықпал етеді.

Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту денсаулық сақтау саласындағы маңызды және өзекті бағыт болып табылады. Бұл экономиканы дамытуға, сондай-ақ ел халқын сапалы, қауіпсіз және тиімді дәрі-дәрмектермен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан Мемлекет басшысы отандық өндірістің үлесін Қазақстанның фармацевтикалық нарығында 50% - ға дейін жеткізу міндетін қойды [34].

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының фармацевтикалық саласын дамыту» жобасын іске асырудың ресурстық жоспары ретінде еліміздегі отандық фармацевтикалық өндіріс үлесін 50%-ға дейін арттыру қажеттігі туралы тапсырмасын ескере отырып, 2020 жылғы 25 қарашадағы Елбасы Академиясының «Өзгерістерді басқару үшін салалық менеджерлерді оқыту» аясында келісілген, қолданыстағы кешенді жоспар мен денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын ұлттық жобаға өзгерту арқылы жүйелік тәсілдер ұсынылды, 2021-2025 жылдарға арналған «Салауатты ұлт», онда 4-ші бағыт «Қазақстанның отандық фармацевтика өнеркәсібі» болды [35].

#### Отандық тауар өндірушілерді қолдау

Отандық өндірісті қолдау бірыңғай дистрибьютор қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Фармацевтика өнеркәсібіндегі қолдау шарасы ұзақ мерзімді шарттар жасасу түрінде қарастырылған. Бүгінгі таңда 4 411 дәрі-дәрмек түрін жеткізу бойынша 36 отандық тауар өндірушімен 96 ұзақ мерзімді келісімшарт жасалған. Оның 640-ы дәрілік заттар, 3771-і медициналық мақсаттағы бұйымдар [36]. Сонымен қатар, отандық фармацевтика саласын дамыту үшін отандық дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолдау және танымал ету мақсатында «Made in PharmaKZ» жобасы іске қосылды. Бастама халықтың сенімін арттыруға және қазақстандықтар арасында тұтынушылық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған [37].

Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімінде бүгінде 7107 дәрілік зат тіркелген, оның 1021-і-отандық өндіруші. Бұдан басқа, ЕАЭО аясында тіркелген дәрілік заттардың бірыңғай тізілімінде бүгінгі таңда Қазақстаннан 82 дәрілік зат, оның ішінде 13-і отандық өндірістің препараттары. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың отандық өндірісін дамыту, оның ішінде инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау және фармацевтикалық және медициналық өнімнің экспорттық әлеуетін дамыту ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің функционалы болып табылады [38].

2020 жылғы жағдай бойынша Қазақстанның фармацевтика өнеркәсібінде дәрілік заттарды 33 кәсіпорын өндіреді. Оның ішінде 17 өндіруші өнімнің

тиімділігін, қауіпсіздігін және сапасын растайтын тиісті өндірістік тәжірибе стандартына (GMP) сәйкес келеді. Өндіріс көлемі бойынша үш өңір көш бастап тұр: Шымкент (25,9 млрд теңге), Алматы облысы (20,6 млрд теңге) және Алматы (17,5 млрд теңге). Алайда, ішкі нарықтың жалпы үлесінің 86,2%-ын импорттық препараттар мен медициналық бұйымдар құрайды [39]. Төменде осы топ препараттарын өндіретін отандық өндірушілер жайлы қысқаша ақпараттар көрсетілді:

*«Химфарм» АҚ (Santo)*

Santo сауда маркасымен «Химфарм» АҚ Қазақстандағы ең ірі фармацевтикалық компания болып табылады. 2011 жылдан бастап Polpharma Халықаралық фармацевтикалық тобына кіреді. Зауыт 135 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейді және өз жолын фармацевтикалық заттарды шығарудан бастады. Дайын дәрілік формалар зауытта 1993 жылдан бастап шығарылады. Қазақстандық фармацевтикалық компаниялар арасында «Химфарм» үлесі 30% - дан асатын нарық көшбасшысы болып табылады. Компания сонымен қатар Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия нарықтарында жұмыс істейді. Компанияның портфолиосына 12 фармакотерапиялық топтағы 240-тан астам жалпы препараттар кіреді, олар инъекциялық және инфузиялық ерітінділер, антибиотиктер мен антисептиктер, пероральді қолданылатын дәрі-дәрмектер (дәрумендер, минералдар, тұнбалар, шырындар).

*«Нобель» АҚ Алматы фармацевтикалық фабрикасы*

«Нобель АФФ» АҚ кәсіпорны 2002 жылы Алматы фармацевтикалық фабрикасының базасында құрылды. Компанияда 500-ге жуық қызметкер жұмыс істейді, олар жылына 750 миллион таблетка, 250 миллион капсула, 20 миллион бөтелке сироп пен суспензия, 10 миллион түтік кремдер мен гелдер, 250 фармацевтикалық препараттарда 65-тен астам дәрі-дәрмек шығарады. Бұл жүрек-қан тамырлары, тыныс алу және жүйке жүйесінің, асқазан-ішек жолдарының ауруларын емдеуге арналған препараттар, бактерияға қарсы, саңырауқұлаққа қарсы, вирусқа қарсы, қабынуға қарсы, ауырсынуды басатын дәрілер, антипиретиктер және басқалар. Компания өз өнімдерінің 30% -ын ТМД елдерінің нарықтарына экспорттайды және Еуразиялық экономикалық интеграция арқылы экспорт үлесін 50%-ға дейін ұлғайтуға бағытталған.

*«Абди Ибрахим Глобал Фарм» ЖШС*

Компания екі кәсіпорынның бірігуі нәтижесінде пайда болды: 2012 жылы Қазақстанда фармацевтикалық зауыт салу жөніндегі инвестициялық жоба шеңберінде «Абди Ибрахим» түрік компаниясы мен «Глобал Фарм» БК қазақстандық ЖШС. «Глобал Фарм» БК ЖШС қазақстандық компаниясы өз жұмысын 2002 жылы бастады және 2011 жылға қарай 70-тен астам дәрілік препараттар шығарды. «Абди Ибрахим» инвестор-компаниясы 1912 жылы шағын фармацевтикалық зертхана ретінде құрылды және қазір Түркияның фармацевтикалық секторының көшбасшысы болып табылады. Компания қантты

төмендететін, туберкулезге қарсы, гастроэнтерологиялық, гепатопротекторлық, антигистаминдік, құрысуға қарсы препараттарды, сондай-ақ АИТВ инфекциясын емдеуге арналған препараттарды шығарады. Өндірілген дәрі-дәрмектер Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанға да экспортталады.

*«Dosfarm» ЖШС*

«Dosfarm» компаниясы-жаңа препараттарды әзірлеу және бұрыннан белгілі дәрілік заттарды өндіру, оларды нарықта жылжыту және сату бойынша толық циклді кәсіпорын. 2001 жылы Алматыда құрылған. Кәсіпорын ампулалардағы, таблеткалардағы, майлардағы, гельдердегі, кремдердегі, тамшылардағы, спрейлердегі, косметикадағы және тағамдық қоспалардағы инъекциялық ерітінділерді шығаруға маманданған. Компания Қазақстанда өнімдерді асептикалық ораудың озық әдісін алғаш енгізді. Қазіргі уақытта қазақстандық фармацевтикалық нарықтағы ең қарқынды дамып келе жатқан өндірістік фирмалардың бірі болып табылады. Компанияның экспорт географиясына ТМД, Моңғолия және Грузия елдері кіреді [40].

Қазіргі заманғы фармацевтикалық нарық дамудың жоғары қарқынымен сипатталады. Жыл сайын қайта тіркелетін дәрілік препараттар саны артып келеді, олардың басым бөлігі – дженериктер [41]. Өндірушілердің аналогтық сегментті дамытуға ұмтылуы қатаң бәсекелестіктің болуымен, аз қаржы шығындарымен, нарыққа неғұрлым жылдам шығумен түсіндіріледі.

Халықты дәрілік препараттармен қамтамасыз ететін желілік дәріханалар әртүрлі аймақтарда жоғары орынға ие, сонымен қатар жеке және желілік дәріханалардың арақатынасы әртүрлі көрініске ие. 2023 жылдың бірінші тоқсанында елдегі дәріханалардың жалпы саны 7810 болды. Оның ішінде желілік – 3941, жеке - 3869. Деректер сатылыммен және VI-ORTIS компаниясының call-орталығымен расталады (Кесте 3) [42].

Кесте 3 - Үш үздік дәріхана желісінің 2023 жылдың 1 жарты жылдығына арналған рейтингі

<b>Алматы қаласы</b>	<b>Үлесі, %</b>	<b>Шымкент қаласы</b>	<b>Үлесі, %</b>
Рауза АДЕ	23,51 %	Зерде фарма ТОО	27,23 %
ДжиЭнКа фарм ТОО / Аптеки со склада	9.34 %	Мурат фарм ТОО	15,12 %
Садыхан	7.39 %	Рауза АДЕ	7,65 %
<b>Астана қаласы</b>	<b>Үлесі, %</b>	<b>Қарағанды қаласы</b>	<b>Үлесі, %</b>
Гиппократ МФК	17,53 %	Биосфера	42,40 %
Саламат Фармация ТОО	6,41 %	Цветная	4,60 %
Биосфера	6,34 %	Медея-8 ТОО	3,59 %



Қазақстанның төрт ірі қаласында жылдың 1 тоқсанында сату бойынша көшбасшылар үштігіне келесі дәріханалар кірді: Алматыда бірінші орында 23,51% үлесі бар «Рауза-Аде» дәріхана желісі тұр, Астанада бірінші орында «Гиппократ МФК» дәріхана желісі-17,53%, Шымкентте – «Зерде Фарма» ЖШС үлесі 27,23%, Қарағандыда көшбасшы – «Биосфера» желісі-үлестік көрсеткіші 42,4% [43].

ҚР-да негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісінің көлемі 2022 жылы 90,7 млрд теңгені құраса, 2023 жылғы қаңтар-шілденің қорытындысы бойынша 86,7 млрд теңгені құрады. Құндық көріністегі жылдық қысқару - 4,4%. Өнеркәсіп өндірісінің индексі 97,8% -ды құрады [44].

2023 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстанға 694,2 млн АҚШ доллар сомасына 13,9 мың тонна дәрі-дәрмек импортталды. Заттай көріністе өсу 11,9% құрады, ақшалай көріністе керісінше 3,7% - ға қысқару байқалды.

ТМД елдерінен ҚР-ға 62,7млн АҚШ долларға 4 мың тонна дәрі-дәрмек әкелінді. Дәрі-дәрмектердің басым бөлігі Ресейден импортталды: 2,9 мың тонна - өткен жылмен салыстырғанда 14,7% -ға аз. Негізгі жеткізушілердің бестігіне сондай-ақ Беларусь, Украина, Өзбекстан және Молдова кірді.

ТМД құрамына кірмейтін елдерден Қазақстанға 631,5 млн АҚШ доллар сомасына 9,9 мың тонна дәрі-дәрмек әкелінді. Мұнда жетекші жеткізушілер қатарында Қытай (2,2 мың тонна), Германия (1,3 мың тонна) және Үндістан (1,2 мың тонна) болды [45]. Бұл цифрлар көрінісі, Қазақстан елінің шетелдік мемлекеттерден дәрілік препараттарды көптеп импорттайтыны көрінді, нәтижесінде отандық өндірушілерін қолдауды, импортты алмастыруға арналған бағдарламаларды қолға алуға бағыттайды.

Сонымен, отандық ДЗ өндірушілері мемлекетпен бірге импортқа тәуелділіктің өткір мәселесіне, сондай-ақ фармацевтикалық кеңістіктегі болып жатқан өзгерістерге және оның кеңеюіне байланысты дамудың оң қарқынын реттеуге және ұстап тұруға тырысады, ал болашақта импортқа тәуелділікті төмендетуге және фармацевтикалық нарықты ұлғайтуға бағытталған өз позицияларын жан-жақты нығайтуға тырысады.

#### **1.4 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың сипаттамасы, жіктелуі, әсер ету механизмі мен қолдану саласы**

Ауырсыну-бұл дененің әртүрлі органдар мен тіндерде орналасқан сезімтал жүйке ұштарының қатты тітіркенуіне психофизиологиялық реакциясы. Ауырсыну белгілері негізінен ауырсынуды басатын дәрілерді тағайындау арқылы бақыланады [46]. Өз кезегінде, анальгетиктер немесе ауырсынуды басатын дәрілер - ауырсыну сезімін азайтуға немесе жоюға ерекше қабілеті бар дәрілік заттар. Олардың құрамындағы негізгі белсенді затқа, сондай-ақ дәрілік формаға байланысты олар миға, перифериялық жүйке жүйесіне әсер етуі немесе жергілікті анальгетикалық әсер етуі мүмкін [47]. Солардың бірі - стероидты емес қабынуға қарсы препараттар – бұл әртүрлі химиялық құрылымдармен сипатталатын және

жалпы фармакологиялық қасиеттері бар синтетикалық органикалық қосылыстар болып табылады [48].

Қазіргі уақытта әлемде стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қолданатын адамдардың саны бірнеше 100 миллион адамды құрайды, стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың әлемдік нарығы өсуде. Мұның себептеріне халықтың көбеюі, халықтың қартаюы, қабынуға байланысты аурулардың көбеюі және ауырсынуды жеңілдету қажеттілігінің артуы жатады [49]. Сондай-ақ, бұл топ препараттарын қолдану тұтынушыларға кеңінен қол жетімді, сондықтан оларға сұраныс тұрақты болып қала береді. Бұл препараттарды қолданудың үлкен танымалдылығы олардың фармакологиялық әсерлерінің кең спектріне ие болуымен түсіндіріледі және жиі әртүрлі этиологиялардың ауырсынуын емдеуде қолданылады. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар клиникалық тәжірибеде кеңінен қолданылатын химиялық құрылымы бойынша кең және әртүрлі дәрілік заттар тобы болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл қабынуға қарсы препараттардың ең көне тобы [50,51].

2	Этодин ФОРТ	M01AB08 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар,стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка
3	Бефрон	M01AE01 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Суспензия
4	Кетотоп	M01AE03 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар	Химфарм, АҚ	Ерітінді
5	Кетотоп	M01AE03 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар	Химфарм, АҚ	Капсула
6	Кетотоп Форте	M01AE03 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар	Химфарм, АҚ	Таблетка
7	Мелбек	M01AC06 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка
8	Мелбек ФОРТ	M01AC06 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка
9	Ибупрофен ВИВАФАРМ	M01AE01 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар,стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Вивафарм, ЖШС	Таблетка
10	Мексим	M01AX17 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка

14-кестенің жалғасы

11	Мапрофен	M01AE09 Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка
12	Декстанол	M01AE17 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Таблетка
13	Ацеклоран	M01AB16 Қабынуға және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Абди Ибрахим Глобал Фарм, ЖШС	Таблетка
14	Диклофенак-DF	M01AB05 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, сірке қышқылының туындылары	Досфарм, ЖШС	Бұлшықет ішіне енгізуге арналған ерітінді
15	Ибупрофен NOBEL	M01AE01 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, пропион қышқылының туындылары	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Суспензия
16	Ибупрофен Форте NOBEL	M01AE01 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, пропион қышқылының туындылары	Нобель Алматы фармацевтикалық фабрикасы, АҚ	Суспензия
17	Кетальдек-ТК	M01AE17 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, пропион қышқылының туындылары	ТК Фарм Ақтөбе, ЖШС	Гранула
18	Кеторолок-ТК	M01AB15 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, сірке қышқылының туындылары	ТК Фарм Ақтөбе, ЖШС	Таблетка

14-кестенің жалғасы


19	Кеторосан	M01AB15 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, сірке қышқылының туындылары	Химфарм, АҚ	Инъекцияға арналған ерітінді
20	Лорноксикам Вива Фарм	M01AC05 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, оксикамдар	Вивафарм, ЖШС	Таблетка
21	Мелоксикам	M01AC06 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	Химфарм, АҚ	Инъекцияға арналған ерітінді
22	Нимесулид-ТК	M01AX17 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар	ТК Фарм Ақтөбе, ЖШС	Гранула
23	Феброфид	M01AE03 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар	Химфарм, АҚ	Капсула
24	Феброфид	M01AE03 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, пропион қышқылының туындылары	Химфарм, АҚ	Бұлшықет ішіне енгізуге арналған ерітінді
24	Феброфид форте	M01AE03 Қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, стероидты емес қабынуға қарсы және ревматизмге қарсы препараттар, пропион қышқылының туындылары	Химфарм, АҚ	Таблетка

Мемлекеттік реестрде тіркелген отандық стероидты емес қабынуға қарсы препараттар саны 13 саудалық атауды құрайды. Химиялық құрылымы бойынша келесідей топтардан тұрады:

- Индолсірке қышқылының туындылары;
- Пропион қышқылының туындылары;

- Оксикамдар;
- Сульфонамид туындылары;
- Сірке қышқылының туындылары [95].

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік препараттардың басым бөлігі – 75% рецепт бойынша босатылады, рецептсіз босатылатын дәрілік препараттар үлесі 25% құрайды (Сурет 12).



Сурет 12 – Рецепт бойынша және рецептсіз босатылатын стероидты емес қабынуға қарсы ДП үлесі

Диссертациялық жұмыс жүргізу кезінде ревматоидты артритті емдеуде қолданылатын құрамында мелоксикам – әсер етуші заты бар препараттарға маркетингтік талдау жасалды (Қосымша Б). Маркетингтік талдау Қазақстан Республикасының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тіркелім сайты бойынша ([http://register.ndda.kz/category/search\\_prep](http://register.ndda.kz/category/search_prep)) жүргізілді. 2023 жылдың 27 қарашасында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 7104 препарат тіркелгені анықталды. Оның ішінде құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар АТХ классификациясы бойынша (M01AC06) мелоксикам тобы іріктелініп алынды [96]. Мелоксикам тобына жататын 40 препарат анықталды (Кесте 15).



Кесте 15 - ҚР Мемлекеттік тізілімінде тіркелген құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттар

Тіркеу нөмірі	Дәрілік препарат атауы	Өндіруші компания /ел	Дәрілік қалып түрі
ҚР-ДЗ-5№014417	Амелотекс®	ФармФирма Сотекс/ Ресей	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№018139; ҚР-ДЗ-5№018140	Амелотекс®	Реплек Фарм Скопье/ Македония Республикасы	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№021411	Артрозан®	Фармстандарт-Уфа ВИТА/ Ресей	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№018991	Артрозан®	Фармстандарт-Лексредства/ Ресей	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№024674	Денкап	Дева Холдинг А.С./ Түркия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№022905	Локсидол	Уорлд Медицин Илач Сан. ве Тидж. А.Ш./ Түркия	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№019530	Локсидол	Уорлд Медицин Илач Сан. ве Тидж. А.Ш./ Түркия	Ректальды суппозиторий
ҚР-ДЗ-5№019660	Локсидол	Уорлд Медицин Илач Сан. ве Тидж. А.Ш./ Түркия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№004689	Мелбек форт®	Нобель Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы/ ҚР	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№019703	Мелбек®	Идол Илач Долум Санаи ве Тиджарет А.Ш./ Түркия	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№004687	Мелбек®	Нобель Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы/ҚР	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№024653	Мелокс	Медокеми Лтд (Amroule Injectable Facility)/ Кипр	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№009758	Мелокс	Медокеми Лтд/ Кипр	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№009759	Мелокс	Медокеми Лтд/ Кипр	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№024369	Мелоксевин	Биофарм ООО/ Польша	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№024285	Мелоксикам	АО Химфарм/ Қазақстан	Инъекцияға арналған ерітінді

## 15-кестенің жалғасы

ҚР-ДЗ-5№018385	Мелоксикам	ФАРМАПРИМ / Молдова Республикасы	Ректальды суппозиторий
ҚР-ДЗ-5№018386	Мелоксикам	ФАРМАПРИМ/ Молдова Республикасы	Ректальды суппозиторий
ҚР-ДЗ-5№022530	Мелоксикам	Борисов медициналық препараттар зауыты/ Беларусь Республикасы	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№022537	Мелоксикам	Борисов медициналық препараттар зауыты/ Беларусь Республикасы	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№019715	Мелоксикам	Ирбит химия-фармацевтикалық зауыты/ Ресей	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№019716	Мелоксикам	Ирбит химия-фармацевтикалық зауыты/ Ресей	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№025328	Мелоксикам-ЛФ	«Лекфарм» ЖШС/ Беларусь Республикасы	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№025329	Мелоксикам-ЛФ	«Лекфарм» ЖШС/ Беларусь Республикасы	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№014194	Мелоксикам-ратиофарм	Ципла Лтд/ Үндістан	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№014195	Мелоксикам-ратиофарм	Ципла Лтд/ Үндістан	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№014257	Мелоксикам-Тева	ХЭЛП С.А./ Грекия	Инъекцияға арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№021108	Мелоксикам-Тева	Тева Фармасьютикал Воркс Приват Лимитед Компани/ Венгрия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№021107	Мелоксикам-Тева	Тева Фармасьютикал Воркс Приват Лимитед Компани/ Венгрия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№025193	Мелоксифарм	«ВЕТПРОМ» АД / Болгария	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№022763	Мелофлекс Ромфарм	Ромфарм Компани С.Р.Л./ Румыния	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№015515	Мовалис®	Берингер Ингельхайм Эспана С.А./ Испания	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№016709	Мовалис®	Роттендорф Фарма ГмбХ/ Германия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№016716	Мовалис®	Роттендорф Фарма ГмбХ/ Германия	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№011649	Ревмоксикам®	Фармак/ Украина	Инъекцияға арналған ерітінді

15-кестенің жалғасы


ҚР-ДЗ-5№010193	Ревмоксикам®	Фармак/ Украина	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№010194	Ревмоксикам®	Фармак/ Украина	Таблетка
ҚР-ДЗ-5№022030	Реклин	Хелп С.А./ Грекия	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді
ҚР-ДЗ-5№017369	Эксистен-сановель	Сановель Фармако-индустриалды сауда компаниясы/ Түркия	Бұлшық ет астына енгізуге арналған ерітінді

Алынған 40 дәрілік препараттар дәрілік қалыпы бойынша жіктелді. Ассортиментті сегменттеу дәрілік қалып түріне байланысты қатты дәрілік қалып түрі барлығы 60 %, сұйық дәрілік қалып 32,5 %, жұмсақ дәрілік қалып 7,5 % құрайды. Соның ішінде таблеткалар - 24 дәрілік препарат (60 %), бұлшықет астына енгізуге арналған ерітінді – 10 дәрілік препарат (25%), инъекцияға арналған ерітінді - 3 дәрілік препарат (7,5%), ректальды суппозиторийлар - 3 (7,5%) құрайды (Сурет 13).



Сурет 13 – Құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар препараттар ассортиментінің дәрілік қалыптары

Келесі маркетингтік талдаулар импорттық тауарлардың пайыздық мөлшеріне жасалды. Бұл жерде 2023 жылғы мәліметтер бойынша препараттардың 16%-ы Түркия елінен алдырылады, ал отандық өнімдердің пайыздық мөлшері небәрі 7,5% құрып отырғаны анықталды (Сурет 14).




Сурет 14 – Қазақстан Республикасының нарығында тіркелген құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттарды өндіруші мемлекеттер

Қазақстан нарығындағы дәрілік заттардың талдауы құрамында мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттар отандық өндірушілермен қатар, импорттық өндірушілердің өнімдерінің кең ассортиментімен көрсетілген. Бірақ отандық өнімдердің пайыздық мөлшері небәрі 7,5% құрайды. Қазақстанда тірек-қимыл жүйесі аурулары бар науқастардың санының артуына байланысты, отандық өнімдерді өндіруге көп көңіл бөлінуі керек.

Сонымен қатар, біз ҚР фармацевтикалық нарығындағы мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттардың бөлшек сауда нарығындағы баға санатына талдау жүргіздік. Қазақстан Республикасындағы мелоксикам әсер етуші заты бар дәрілік препараттардың орташа бөлшек сауда бағаларын талдау және бағалау екі негізгі баға диапазонын анықтауға мүмкіндік берді: бөлшек құны бір қаптамаға 500 теңгеден 2000 теңгеге дейін бағасы бар ДП, бір қаптамаға 2000 теңгеден 5000 теңгеге дейін бағасы бар дәрілік препараттар.

Қарастырылып отырған нарықтың теңдей бөлігін «500 тг-ден 2000 тг-ге дейінгі» (50%) орташа және «2000 тг-ден 5000 тг-ге дейінгі» (50%) қымбат баға сегментінің қаражаты алды (Сурет 15).

Баға сегментінде отандық дәрілік препараттар «500 тг-ден 2000 тг-ге дейінгі» орташа және «2000 тг-ден 5000 тг-ге дейінгі» қымбат баға қолжетімділігінде бірдей үлесте кездесті. Алайда, отандық дәрілік препараттарды Еуропа және Азия елдерінің шетелдік өндірісінің препараттарымен салыстырғанда баға санатынан неғұрлым арзан екендігі анықталды.



Сурет 15 – Стероидты емес қабынуға қарсы ДЗ бөлшек сауда нарығын баға санаттары бойынша сегменттеу

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығындағы сату көрсеткішіне келер болсақ, фармацевтикалық компанияның мәліметтері бойынша маркетингтік талдау жүргізілді. Бұл талдау бүкіл Қазақстан бойынша 2019 жылдан бастап 2023 жылдар кезеңінде компанияның сату нәтижелері бойынша жүргізілді (Қосымша В). Зерттеу ақшалай және қаптамадағы сандық сату көрсеткіштерін берді. 16 кестеде 2019-2023 жылдар аралығындағы топ препараттарының бөлшек, госпитальдық (амбулаториялық) сегменттеріндегі сату көрсеткіштері бойынша мәліметтер көрсетілген.

Кесте 16 - ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығындағы бөлшек, госпитальдық (амбулаториялық) сегменттеріндегі сату көрсеткіші

АТХ код	Жылдар ХПА	2019				2020				2021			
		∑ USD	ОӨ үлесі	∑қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑қаптама	ОӨ үлесі
М01АВ	Ацеклофенак	710269	3,64 %	110582	6,95 %	633424	2,62 %	98313	5,95 %	757082	1,82 %	107752	4,72 %
М01АВ	Диклофенак	5728899	0,07 %	3565582	0,06 %	6175278	0,07 %	3758642	0,12 %	6417812	0,02 %	3658239	0,04 %
М01АС	Мелоксикам	4126797	31,93 %	1050048	39,47%	4054928	35 %	1083600	48,55 %	4283052	30,48 %	1084933	45,03 %
М01АЕ	Ибупрофен	2186763	0,00007 %	4651348	0,0002 %	3067878	0,00 %	5636595	0,00 %	3929507	0,00 %	5606306	0,00 %
М01АЕ	Кетопрофен	5819183	40,76 %	2160802	68,27 %	5763751	38,42 %	2187920	67,42 %	6299217	37,90 %	2146688	63,48 %
М02АА	Нимесулид	7648232	0,16 %	2066087	0,32 %	9116457	0,003 %	2464231	0,008 %	10853590	0,0008 %	2658541	0,002 %
М01АН	Эторикоксиб	298528	0,00 %	20602	0,00 %	35498	0,00 %	2923	0,00 %	9543.417	0,00 %	798	0,00 %
М01АС	Лорноксикам	4637808	0,00 %	579878	0,00 %	4363012	0,0482 %	592375	0,2236 %	4944887	0,2202 %	658565	1,5842 %
М01АВ	Индометацин	167610	0,00 %	347963	0,00 %	157699	0,00 %	358286	0,00 %	155793	0,00 %	337320	0,00 %
М01АЕ	Напроксен	479150	0,00 %	219398	0,00 %	402075	0,00 %	198742	0,00 %	527477	0,00 %	221877	0,00 %
М01АС	Теноксикам	3627712	0,00 %	583985	0,00 %	3916009	0,00 %	695792	0,00 %	4603516	0,00 %	769970	0,00 %

16-кестенің жалғасы

АТХ код	Жылдар ХПА	2022				2023			
		∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі
M01AB	Ацеклофенак	825960	1,83 %	121278	3,91 %	892156	1,44 %	145534	3,92 %
M01AB	Диклофенак	7559722	0,01 %	3470463	0,02 %	8041170	0,06 %	4164555	0,09 %
M01AC	Мелоксикам	4693765	35,45 %	1282468	50,18 %	5240186	34,15 %	1690321	48,77 %
M01AE	Ибупрофен	4263300	0,00 %	6580221	0,00 %	4299476	0,00 %	7896265	0,00 %
M01AE	Кетопрофен	5979475	41,04 %	2318559	61,59 %	7161454	38,64 %	2680830	60,42 %
M02AA	Нимесулид	13466813	0,0023 %	3218880	0,0104 %	13261560	0,0020 %	3709430	0,0076 %
M01AH	Эторикоксиб	268797	0,00 %	29616	0,00 %	459913	0,00 %	49830	0,00 %
M01AC	Лорноксикам	5391825	0,2373 %	726236	1,5389 %	7614156	0,0307 %	892546	0,1503 %
M01AB	Индометацин	193144	0,00 %	387843	0,00 %	201131	0,00 %	438901	0,00 %
M01AE	Напроксен	660294	0,00 %	262059	0,00 %	790276	0,00 %	294425	0,00 %
M01AC	Теноксикам	5651683	0,00 %	977452	0,00 %	667970	0,00 %	1181679	0,00 %

ХПА бойынша ацеклофенак препараты ҚР-ның бөлшек, госпитальдық сегменттерінде 2019 жылы 2020 жылдан қарағанда ақшалай және заттай көбірек сатылғанын, сондай-ақ, сатылым көрсеткішінің 2021-2022 жылдар аралығында артқанын, алайда, 2023 жылы сату көрсеткішінің төмендеуін байқауға болады. 2019 жылы этерококсіб препараты айтарлық көп мөлшерде сатылған, алайда, 2020-2021 жылдар аралығында өте аз мөлшерде сатылып, сатылым көрсеткішінің құлдырағанын байқаймыз. Бірақ, 2022 жылы өндіруші компаниялардың препараттың өндірісіне қайта көңіл бөлуіне, мемлекеттің қолдауына байланысты, 2022-2023 жылдарда препараттың ақшалай және қаптама түрінде едәуір сатылымының артқандығын көрсетті. ХПА бойынша мелоксикам және диклофенак препараттарының ҚР фарм.нарығында сатылым көрсеткіштері бойынша серпін байқалады, бұл әрине жергілікті халықтың сұранысына тәуелді. Нимесулид әсер етуші заты бар препараттар сату көрсеткішінде өсу динамикасы байқалды. Кең спектрлі қолданылуына орай, бұл препарат нарықта өз орнын ұстап тұр және басқа препараттармен салыстырмалы талдау кезінде, ақшалай және заттық түрде жоғары сатылым көрсеткіштерімен таңғалдырды. Лорноксикам препаратына сұраныстың осы гистаграммадағы пайыздық мөлшеріне қарап, жыл сайын артқандығы көрсетілген. 2022 жылы 21%, ал 2023 жылы 25% үлесті алды. Ибупрофен, индометацин, напроксен, теноксикам препараттары нарығымызда тұрақты сатуларға ие. Кетопрофен фармацевтикалық нарықта көп сұранысқа ие препараттардың бірі болып табылады, сату көрсеткіші бойынша 2021 жылы ең көп көрсеткішті көрсетті. Кетопрофен әсер етуші заты бар феброфид гель препаратын Химфарм (Шымкент) зауыты өндіріп шығарады, бұл отандық өндірістің даму үрдісін көрсетеді.



Кесте 17 - ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығында бөлшек сегментіндегі сату көрсеткіші

АТХ код	Жылдар ХПА	2019				2020				2021			
		∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі
<b>M01AB</b>	<b>Ацеклофенак</b>	673392	1,89 %	101876	2,65 %	600396	1,11 %	89741	1,66 %	719798	0,54 %	99361	0,89 %
<b>M01AB</b>	<b>Диклофенак</b>	5483470	0,07 %	3119037	0,06 %	5900613	0,07 %	3301782	0,13 %	6099316	0,02 %	3183388	0,04 %
<b>M01AC</b>	<b>Мелоксикам</b>	3851869	31,97 %	891864	43,34 %	3668382	30,78 %	886113	39,59 %	3993710	28,94 %	922629	38,45 %
<b>M01AE</b>	<b>Ибупрофен</b>	2095223	0,00008 %	4579590	0,0002 %	2571440	0,00 %	5319769	0,00 %	2631597	0,00 %	5462921	0,00 %
<b>M01AE</b>	<b>Кетопрофен</b>	4224436	22,46 %	912761	30,18 %	4365429	22,99 %	963928	30,81 %	4873505	24,00 %	1037393	29,26 %
<b>M02AA</b>	<b>Нимесулид</b>	7452377	0,16 %	2024529	0,32 %	8877943	0,0033 %	2408811	0,0089 %	10499458	0,0008 %	2585766	0,0021 %
<b>M01AH</b>	<b>Эторикоксиб</b>	288228	0,00 %	19965	0,00 %	35044	0,00 %	2885	0,00 %	9398	0,00 %	786	0,00 %
<b>M01AC</b>	<b>Лорноксикам</b>	2598641	0,00 %	345322	0,00 %	2726443	0,08 %	389990	0,34 %	2747219	0,07 %	396488	0,29 %
<b>M01AB</b>	<b>Индометацин</b>	159613	0,00 %	333496	0,00 %	155231	0,00 %	352661	0,00 %	152097	0,00 %	326027	0,00 %
<b>M01AE</b>	<b>Напроксен</b>	468469	0,00 %	214696	0,00 %	395346	0,00 %	195475	0,00 %	514652	0,00 %	216077	0,00 %
<b>M01AC</b>	<b>Теноксикам</b>	3216606	0,00 %	513809	0,00 %	3558847	0,00 %	609627	0,00 %	4097482	0,00 %	679302	0,00 %

17-кестенің жалғасы

АТХ код	Жылдар ХПА	2022				2023			
		∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі
M01AB	Ацеклофенак	798877	0,89 %	114669	1,05 %	866365	0,59 %	137603	1,13 %
M01AB	Диклофенак	7220323	0,01 %	2970195	0,02 %	7763630	0,06 %	3564234	0,09 %
M01AC	Мелоксикам	4341912	33,19 %	1063833	42,60 %	4839072	31,39 %	1276600	39,24 %
M01AE	Ибупрофен	3647429	0,00 %	6437542	0,00 %	4376915	0,00 %	7725050	0,00 %
M01AE	Кетопрофен	4624617	27,88 %	1175375	28,65 %	5540341	22,46 %	1410450	24,30 %
M02AA	Нимесулид	13073941	0,0024 %	3136907	0,01 %	15688729	0,0021 %	3764288	0,0079 %
M01AH	Эторикоксиб	264148	0,00 %	29071	0,00 %	450266	0,00 %	48796	0,00 %
M01AC	Лорноксикам	3022975	0,15 %	424295	0,67 %	4519722	0,05 %	515470	0,25 %
M01AB	Индометацин	190401	0,00 %	382418	0,00 %	228481	0,00 %	458902	0,00 %
M01AE	Напроксен	644828	0,00 %	255920	0,00 %	773993	0,00 %	307104	0,00 %
M01AC	Теноксикам	5009126	0,00 %	861610	0,00 %	6010951	0,00 %	1033932	0,00 %

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар сегментіндегі ХПА бойынша бөлшек саудада сатудағы ҚР фармацевтикалық нарығының маркетингтік талдауы соңғы 5 жылда рецепт бойынша дәріхана желісі арқылы осы препараттарды өткізу есебінен тек Мелоксикам мен Кетопрофен үшін отандық өндірушілердің үлесі құндық және заттай көріністе ұлғайғанын көрсетті (Қосымша В). Қалған бөлігі Ресей Федерациясы, Беларусь, Үндістан, Германия сияқты шет елдердің препараттарына тиесілі (Кесте 17).

Жылдар	2019	2020	2021
--------	------	------	------

АТХ код	ХПА	Σ USD	ОӨ үлесі	Σқаптама	ОӨ үлесі	Σ USD	ОӨ үлесі	Σқаптама	ОӨ үлесі	Σ USD	ОӨ үлесі	Σқаптама	ОӨ үлесі
M01AB	Ацеклофенак	36877	35,18 %	8706	56,97 %	33028	29,79 %	8572	51,11 %	37285	26,13 %	8391	50,00 %
M01AB	Диклофенак	245430	0,11 %	446545	0,01 %	274665	0,04 %	456860	0,02 %	318496	0,04 %	474851	0,03 %
M01AC	Мелоксикам	141044	60,99 %	39265	71,04 %	235734	59,17 %	149104	85,10 %	211674	61,92 %	142993	88,56 %
M01AE	Ибупрофен	915401	0,00 %	71758	0,00 %	275598	0,00 %	103819	0,00 %	1297910	0,00 %	143385	0,00 %
M01AE	Кетопрофен	1330213	92,12 %	1061131	98,10 %	1204092	89,25 %	1077895	97,57 %	1200959	89,30 %	961198	97,38 %
M02AA	Нимесулид	195855	0,0015 %	41558	0,35 %	238514	0,00 %	55420	0,00 %	354132	0,00 %	72775	0,00 %
M01AH	Эторикоксиб	10301	0,00 %	637	0,00 %	454	0,00 %	38	0,00 %	146	0,00 %	12	0,00 %
M01AC	Лорноксикам	2039167	0,00 %	234556	0,00 %	1636569	0,0015 %	202385	0,0069 %	2197668	0,41 %	262077	3,55 %
M01AB	Индометацин	1904	0,00 %	3873	0,00 %	2431	0,00 %	5437	0,00 %	2760	0,00 %	7118	0,00 %
M01AE	Напроксен	10681	0,00 %	4702	0,00 %	6729	0,00 %	3267	0,00 %	12825	0,00 %	5800	0,00 %
M01AC	Теноксикам	411106	0,00 %	70176	0,00 %	357162	0,00 %	86165	0,00 %	506034	0,00 %	90668	0,00 %

Кесте 18 - ХПА бойынша стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың 2019-2023 жылдар аралығында госпитальдық сегментіндегі сату көрсеткіші

АТХ код	Жылдар ХПА	2022				2023			
		∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі	∑ USD	ОӨ үлесі	∑ қаптама	ОӨ үлесі
M01AB	Ацеклофенак	27083	29,51 %	6609	54,37 %	32500	28,65 %	7931	57,43 %
M01AB	Диклофенак	339181	0,0044 %	499770	0,0016 %	407017	0,09 %	599724	0,12 %
M01AC	Мелоксикам	309886	58,32 %	203329	86,10 %	371863	61,76 %	253014	87,49%
M01AE	Ибупрофен	615368	0,00 %	140962	0,00 %	738442	0,00 %	169155	0,00 %
M01AE	Кетопрофен	1164117	88,53 %	1000548	96,75 %	1393182	89,05 %	1182580	96,95 %
M02AA	Нимесулид	392872	0,00 %	81973	0,00 %	471446	0,00 %	98368	0,00 %
M01AH	Эторикоксиб	4650	0,00 %	545	0,00 %	9648	0,00 %	99402	0,00 %
M01AC	Лорноксикам	2368850	0,35 %	301941	2,76 %	3094434	0,0023 %	377075	0,01 %
M01AB	Индометацин	2743	0,00 %	5425	0,00 %	3143	0,00 %	5639	0,00 %
M01AE	Напроксен	15466	0,00 %	6139	0,00 %	16283	0,00 %	7367	0,00 %
M01AC	Теноксикам	642556	0,00 %	115842	0,00 %	845303	0,00 %	185917	0,00 %

Госпиталь секторында 5 жыл ішінде девальвация есебінен әр түрлі ХПА бойынша препараттардың сатылымының ауытқуы байқалды, дегенмен отандық өндірушілер үлесі Мелоксикам, Кетопрофен препараттары үшін өсті, бұл мемлекет тарапынан сатып алу мен қолдауға байланысты (Кесте 18). Сондай-ақ, кесте арқылы отандық өндірушілердің ХПА бойынша Нимесулид және Лорноксикам препараттарының өндірісінің жалғасқанын байқауға болады (Қосымша В).

Осылайша, Қазақстан Республикасы 5 жыл ішінде стероидты емес қабынуға қарсы препараттар сегментінде отандық өндірісті жолға қойып, отандық өндірушілердің үлесін арттырды, солайша елдегі импорт аз үлеске болса да төмендеп, шетелдік өндірушілердің өнімдерін ығыстыра бастады, бұл өз кезегінде қарастырылып отырған препараттардың өз елімізде көптеп өндірілуіне жол ашады деп үміттенеміз.

### 3.3 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың фармакоэкономикалық талдауы бойынша нәтижелері

Тиісінше, препараттардың зерттелетін тобы сүйек-бұлшықет жүйесі арруларын емдеуде өз қолданысын табатындықтан және жоғарыда көрсетілген нозологияларда кеңінен қолданылатындықтан, фармакоэкономикалық талдау ревматологиялық науқастардың мысалында негізделген түрде жүргізілді. Сонымен қатар, фармакоэкономикалық зерттеулер жүргізу үшін біз стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін дәлелдеу үшін клиникалық зерттеулердің деректерін талдадық (оларды жұмыста одан әрі пайдалану мақсатында). Қарастырылып отырған препараттарға қатысты көптеген зерттеулер 90-шы жылдары жүргізілді, дегенмен алдыңғы жұмыстардың нәтижелері мен қорытындыларын қолдайтын салыстырмалы түрде жақында жүргізілген зерттеулер де бар. Сонымен, ацеклофенактың клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігінің дәлелі клиникалық зерттеулердің 132 басылымында көрсетілген. Бұл препараттың тиімділігі мен төзімділігі басқа анальгетиктермен және стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың әртүрлі салыстырмалы препараттарымен зерттеулерде зерттелді. Мысалы, 2017 жылы Р. В. Patel және Т. К. Patel [97] 6-дан 12 аптаға дейін созылған (n=2422) 9 РБҚ (Рандомизацияланған бақыланатын сынақ) мета-анализін жүргізді және тәулігіне 200 мг ацеклофенакты, 150 мг диклофенакпен, 20 мг пироксикаммен, тәулігіне 3 г парацетамолмен және 1000 мг напроксенмен салыстыруды қамтыды. Алынған мәліметтерге сәйкес, барлық зерттелген стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігі бірдей болды. Орташа стандартталған айырмашылық - 0,30 (сенімділік интервалы (СИ) 95%, СИ - 0,62-0,01). Ресейде 2005 жылдан 2016 жылға дейін ацеклофенактың 14 клиникалық зерттеулері жүргізілді (n=4096). Осы жұмыстардан алынған деректер ацеклофенактың жоғары тиімділігін растады (терапия кезіндегі ауырсыну бастапқы деңгейден 52,9+15,9% төмендеді) және жағымсыз реакциялар үлесі 3% құрады [98]. Сондай-ақ, операциядан кейінгі ауырсынуды басуда стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қысқа мерзімді қолдану сирек жағымсыз реакциялар көрсететіндігі жайлы дәлелдер бар [99]. Сонымен, J. Forrest зерттеуінде кетопрофен, диклофенак және напроксеннің жағымсыз әсерлерінің жиілігі бағаланды (n=11 245 науқас). Бұл препараттар арасында сенімді айырмашылықтар анықталған жоқ. Жанама әсерлер пациенттердің тек 1,38%-ында байқалды, ең сирек асқынуы асқазан-ішектен қан кету болды (пациенттердің 0,04%) [100]. Парацетамол мен ибупрофеннің балалар мен ересектердегі ауырсынуды, сондай-ақ безгекті емдеудегі тиімділігі мен қауіпсіздігі D. A. Perrott (2004) [101] және автор E. R. Southey (2009) [93], C. A. Pierce және B. Voss (2010) [94] авторлардың еңбектерінде расталған. Аталған жұмыстар PubMed, EMBASE және т.б. дерекқорларында 17 рандомизацияланған зерттеулердің, 85 клиникалық зерттеулердің, 24 рандомизацияланған бақыланатын сынақ және 12 бақыланатын бақылау зерттеулерінің нәтижелері бар. Осы шолулар

негізінде авторлардың қорытындылары бір-біріне сәйкес келді: парацетамол мен ибупрофеннің тиімділігі, қауіпсіздігі және төзімділігі плацебоға ұқсас болды (СИ 95%). Парацетамолдың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ұқсас қорытындылар А. Е. Каратеевтің шолу жұмысында байқалды (2010) [102]. Аса тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеуге арналған автор Левых А.Э. (2015) шолу мақаласында көрсетілген ацетилсалицилқышқылының көптеген клиникалық зерттеулерінің деректері оның тиімділігі мен қауіпсіздігін куәландырады [103]. Кетопрофеннің тиімділігін дәлелдейтін соңғы жұмыстардың бірі итальяндық ғалымдардың зерттеулері болды Р. Sarzi-Puttini (2013), ревматикалық аурулары бар емделушілерде кетопрофеннің (тәулігіне 50-200 мг) әсерін салыстыру жүргізілген 13 РБҚ мета-анализін жүргізген (n=898). Деректер РБҚ-ның 13 тен 9 кетопрофеннің салыстыру препараттарынан жоғары екенін көрсетті, ал оны қолданған кезде қолайлы әсер ету ықтималдығы іс жүзінде 2 есе жоғары болды (ОШ 0,459: 0,33-0,58,  $p = 0,000$ ) [104]. Нимесулидтің тиімділігі мен қауіпсіздігі Черных Т.М. мен Ахматова Е. В. (2012), Резниченко Г.И. және соавт. (2013), Қожахметова Р.А. (2014) және Матчанова С. Х. (2016) еңбектерінде расталған. Авторлардың өз еңбектерінде жүргізген зерттеулері нимесулидтің жақсы төзімділігі мен тиімділігін көрсетті. Сонымен, Черных Т. М. мен Ахматова Е. В. клиникалық зерттеуінде нимесулидпен (тәулігіне 200 мг) 14 күн емделгеннен кейін пациенттердің денсаулығының жақсаруы және ауырсыну қарқындылығының төмендеуі (ВАШ бойынша,  $p = 0,023$ ) анықталған жағымсыз реакцияларсыз байқалғаны анықталды. Осыған ұқсас жоғарыда аталған басқа авторлардың [105] кейінгі зерттеулерімен расталады.

Бұдан басқа, Қазақстанда ДП қауіпсіздік және сапа Кодексіне сәйкес елеулі мән берілетінін және ерекше назар аударылатынын атап өткен жөн, өйткені бұл сала Ұлттық қауіпсіздік саласына тікелей кіреді. Демек, ҚР-ға әкелінген және өндірілген барлық ДЗ халықаралық талаптармен үйлестірілген және препараттардың сапасын, тиімділігі мен қауіпсіздігін растау мақсатында ДЗ толық сараптамасын қамтитын тіркеу рәсімінен өтуі тиіс [106]. Мемлекеттік тіркеу процесі ҚР-да тәуекел факторы қауіпті және сапасыз ДП пайда болуына кедергі келтіреді, себебі ДЗ мұқият сараптамадан кейін және тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана нарықта дайындауға немесе сатуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, ДЗ өндірісі GMP стандартына сәйкес және өндіруге лицензиясы бар зауыттарда жүзеге асырылуы керек, бұл ұйымның ДП шығаруға қойылатын барлық шарттары бар екенін растайды.

Атап айтқанда, біздің елімізде отандық компаниялар халықаралық сапа стандартына (GMP) сәйкес салыстырылатын препараттар өндірісін жүзеге асырады. Осының арқасында қазақстандық препараттар шет елдердегідей өлшемшарттар (сапа, қауіпсіздік, тиімділік) бойынша бағаланады және өндірістің әрбір кезеңіндегі қажетті талаптар мен параметрлерді ескере отырып, ұқсас схема (нормалар мен ережелер жүйесі) бойынша өндіріледі. Сонымен қатар, талдауда

қарастырылған препараттар клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген ДЗ-ны қамтитын ҚҰФ (Қазақстан Ұлттық Формуляры) тізіміне кіреді [107,108]. Осылайша, жоғарыда айтылғандардың жиынтығы, сондай-ақ көптеген зерттеулердің сенімді нәтижелері (дәлелді медицина деректері) "шығындарды азайту" әдісін қолдана отырып, препараттарға фармакоэкономикалық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Шығындарды есепке алу кезінде біз емдеу курсына дәрілік препарат құнын, яғни тікелей шығындарды ескердік. Бұл ретте емнің болжамды құнын есептеу мақсатында дозасы бірдей және қаптамадағы саны бірдей ДП-ның толық аналогтары, ал емдеу курсы ревматологиялық науқастардың мысалында 5 және 60 күнде алынды. Сондай-ақ талдау кезінде ҚР маркетингтік талдауына, сондай-ақ әртүрлі дәріхана ұйымдарындағы ДЗ құны бойынша ҚР бірыңғай анықтамалық қызметінің деректеріне сүйене отырып, қаралатын ДЗ орташа өлшенген бөлшек сауда бағалары ескерілді [109,110]. Дәрі-дәрмектердің дозалары мен қолдану күндерінің саны емдеу хаттамаларына [111], дәрігерлермен кеңесуге, медициналық әдебиеттерге және дәрі-дәрмектерге арналған нұсқауларға сәйкес есептелді. Содан кейін салыстырылатын дәрілік препараттар үшін мынадай көрсеткіштер анықталды: орташа бөлшек сауда бағасы, бір реттік орташа құны (бір реттік доза саны 21- кестеде көрсетілген) және тәуліктік дозалар және емдеу курсының құны.

Кесте 19 - Стероидты емес қабынуға қарсы препараттармен емдеудің болжамды құнын салыстыру

№	Препарат (қаптама, доза), өндіруші	ХПА	Қаптаманың орташа құны, тг	Бір реттік дозаның құны, тг	Тәуліктік дозаның құны, тг	Емдеу курсы	Емдеу курсының құны, тг
1.	Диклофенак-Тева 50 мг №20 (Меркле ГмбХ, Германия)	Диклофенак	1130	56,5	169,5	5 күн (күніне 3 рет)	847,5
2.	Диклофенак-Тева 75 мг/2 мл №5 (Меркле ГмбХ, Германия)	Диклофенак	2720	544	544	2 күн (күніне 1 рет)	1088
3.	Диклофенак-Акос 2,5%/3 мл №5 (Синтез ААҚ, Ресей)	Диклофенак	170	34	34	2 күн (күніне 1 рет)	68
4.	Мелоксикам 15 мг/1,5 мл №5 (Химфарм АҚ, Қазақстан)	Мелоксикам	1450	290	290	5 күн (күніне 1 рет)	1450
5.	Мелбек 15 мг/1,5 мл №3 (Идол Илач Долум Санай ве Тиджарет А.Ш., Түркия)	Мелоксикам	1650	550	550	3 күн (күніне 1 рет)	1650
6.	Мелбек 7,5 мг №10 (Нобель АФФ АҚ, Қазақстан)	Мелоксикам	1150	115	230	5 күн (күніне 2 рет)	1150
7.	Мовалис 7,5 мг №10 (Boehringer Ingelheim Ellas А.Е., Грекия)	Мелоксикам	2400	240	480	5 күн (күніне 2 рет)	2400
8.	Мовалис 15 мг/1,5 мл №3 (Boehringer Ingelheim Espana S.A., Испания)	Мелоксикам	2200	733,3	733,3	3 күн (күніне 1 рет)	2200
9.	Нимесил 100 мг №30 (Лабораториос Менарини С.А., Испания)	Нимесулид	4690	156,3	312,6	15 күн (күніне 2 рет)	4690
10.	Ксефокам 8 мг №10 (Такеда ГмбХ, Германия)	Лорноксикам	1370	137	274	5 күн (күніне 2 рет)	1370
11.	Лорноксикам Вива Фарм 8 мг №10 (Вива Фарм ЖШС, Қазақстан)	Лорноксикам	1200	120	240	5 күн (күніне 2 рет)	1200



## 19-кестенің жалғасы

№	Препарат (қаптама, доза), өндіруші	ХПА	Қаптаманың орташа құны, тг	Бір реттік дозаның құны, тг	Тәуліктік дозаның құны, тг	Емдеу курсы	Емдеу курсының құны, тг
12.	Аэртал 100 мг №60 (Гедеон Рихтер ААҚ, Венгрия)	Ацеклофенак	6060	101	101	60 күн (күніне 1 рет)	6060
13.	Ацеклоран 100 мг №20 (Абди Ибрагим Глобал Фарм, Қазақстан)	Ацеклофенак	3150	157,5	157,5	60 күн (күніне 1 рет)	9450
14.	Эториакс 60 мг № 14 (КРКА, Словения)	Эторикоксиб	2060	147,2	147,2	60 күн (күніне 1 рет)	10300
15.	Кетотоп Форте 100 мг №20 (Химфарм АҚ, Қазақстан)	Кетопрофен	1680	84	168	5 күн (күніне 2 рет)	840
16.	Кетотоп 100 мг/2мл №10 (Химфарм АҚ, Қазақстан)	Кетопрофен	3500	350	350	5 күн (күніне 1 рет)	1750
17.	Кетотоп 100 мг/2мл №5 (Химфарм АҚ, Қазақстан)	Кетопрофен	2150	430	430	5 күн (күніне 1 рет)	2150
18.	Кетонал Форте 100 мг №20 (Лек Фармацьютикалс д.д., Словения)	Кетопрофен	1930	96,5	193	5 күн (күніне 2 рет)	965
19.	Кетонал 100 мг/2мл №10 (Лек Фармацьютикалс д.д., Словения)	Кетопрофен	3550	355	355	5 күн (күніне 1 рет)	1775
20.	Ибупрофен Вива Фарм 400 мг N20 (Вива Фарм ЖШС, Қазақстан)	Ибупрофен	665	33,25	99,75	60 күн (күніне 3 рет)	5985
21.	МИГ 400 мг N20 (Берлин-Хеми АГ/Менарини, Германия)	Ибупрофен	1650	82,5	247,5	60 күн (күніне 3 рет)	14850
22.	Ибупрофен-Тева 400 мг N20 (Меркле ГмбХ, Германия)	Ибупрофен	1500	75	225	60 күн (күніне 3 рет)	13500

19-кестеде келтірілгендей, есептелген мәліметтерден отандық препараттардың фармакоэкономикалық тиімді екендігі көрінеді. Мәселен, «Кетопрофен» қолданыстағы қағида ретінде әрекет ететін 5 күндік емдеу курсы бар бірқатар препараттарда қазақстандық өндірістің «Кетотоп Форте» Химфарм компаниясының ДП-да қолданудың ең аз шығын құны анықталды. Оның құны №20 5 күнге 840 теңгені, №10 инъекциялық ДФ түрінде – 1750 теңгені және №5 – 2150 теңгені құрады, ал импорттық препараттармен емдеудің осындай курсының құны отандық препараттармен салыстырғанда қымбаттырақ болды.

«Лорноксикам» әсер етуші заты бар Вива Фарм компаниясының «Лорноксикам Вива Фарм» (Қазақстан) 5 күндік емдеу курсы бар отандық препараттардың құны -1200 теңгені құрады, ал шетелдік «Ксефокам» препараттары үшін – 1370 тг.

«Ибупрофен» тобының препараттарының ішінде «Вива Фарм» компаниясының «Ибупрофен Вива Фарм» (Қазақстан) ең аз шығынды болып шықты - 5985 тг, ал «Ибупрофен-Тева» (Merkle GmbH, Германия) сияқты препараттар ең қымбат болды - 13500 тг және «МИГ 400» (Берлин-Хеми АГ/Менарини, Германия) - 14850тг.


«Мелоксикам» әсер етуші заты бар Нобель Алматы Фармацевтикалық Фирмасының (Қазақстан) "Мелбек" 7,5 мг №10 препараты - 1150тг, Мовалис 7,5 мг №10 препараты - 2400тг. Сондай-ақ, Мелоксикам 15 мг/1,5 мл №5 Химфарм, Қазақстан компаниясының отандық препараты - 1450тг, Мелбек 15 мг/1,5 мл №3 Идол Илач Долум Санаи ве Тиджарет А.Ш., Түркия компаниясының препаратының құны - 1650 тг, Мовалис 15 мг/1,5 мл №3 (Boehringer Ingelheim Espana S.A., Испания) препаратының бағасы - 2200тг. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей – отандық дәрілік препараттар импорттық препараттар бағасынан арзан екендігі анықталды.

Осылайша, ФЭК-талдау нәтижелері бірдей курстық емдеумен (мысалы: 5 немесе 60 күн) және ұқсас фармакологиялық белсенділікпен салыстырылатын отандық препараттардың шетелдіктерге қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімдірек екенін көрсетті, яғни құны арақатынасы бойынша артықшылыққа ие болды. Дәрігерлер пациенттерді емдеу кезеңінде негізгі буын ретінде әрекет ететіндіктен, олардың нұсқаулары мен ұсыныстарына сүйене отырып, тиімді, қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан қол жетімді, яғни нақты пациентке сәйкес келетін дәрілік препаратты ұтымды таңдау қалыптасуы мүмкін. Сондықтан, аралық және соңғы тұтынушылар таңдау, сатып алу және тұтыну туралы шешім қабылдау үшін ДЗ қауіпсіздігі, тиімділігі және қол жетімділігі туралы негізделген ақпаратқа ие болуы керек. Осыған байланысты, алынған нәтижелер дәрі-дәрмектерді ұтымды таңдауға, сатып алуға және тұтынуға көмектеседі және зерттелетін сегменттегі отандық препараттардың басым өндірісінің бастамасы бола

алады.


### 3.4 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тағайындау кезінде медицина қызметкерлерінің қалауларын таңдау

Біздің жұмысымыздың міндеттерін толықтыру негізінде жасалған сауалнамаға сәйкес, стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындау кезеңінде медицина қызметкерлерінің қалауларын талдау үшін біз Астана қаласының медициналық ұйымдарының әртүрлі мамандықтағы дәрігерлеріне (терапевттер, ревматологтар) және дәріханалық ұйымдардағы фармацевттерге сауалнама жүргіздік (Қосымша Г). Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі әйелдер (85%) (Сурет 16).




Сурет 16 - Респонденттердің жынысы

Респонденттердің мамандығын анықтау үшін қойылған сұрақ негізінде 75% фармацевттер, 20% дәрігер-терапевт, ал 5% ревматологтар екендігі анықталды (Сурет 17).




Сурет 17 - Респонденттердің мамандығы

Респонденттердің кәсіби деректерін талдау дәрігерлердің 28%-ы 10 жылдан астам, ал 24%-ы 5 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар екендігін көрсетті (Сурет 18).




Сурет 18 - Дәрігерлер мен фармацевттердің жұмыс тәжірибесі

Сүйек-бұлшықет жүйесінің қабыну және дегенеративті ауруларына ересек адамдардың (73.80%) көбірек шалдығатыны анықталды (Сурет 19).




Сурет 19 - Сүйек-бұлшықет жүйесінің қабыну және дегенеративті ауруларына шалдығатын адамдар санаты

Сауалнама барысында дәрігерлер ревматоидты артрит кезінде стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды (79%) көбірек тағайындайтынын атап өтті (Сурет 20).



Сурет 20 - Ревматоидты артрит кезінде тағайындалатын препараттар

Төмендегі диаграммаға сай, сауалнама барысында дәрігерлер мен фармацевттер соңғы жылы стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындауды қажет ететін пациенттердің жиілігі артқанын атап өтті (57,5%) (Сурет 21).



Сурет 21 - Стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындау жиілігі

Респонденттер жауабы талданып, нәтижесінде ревматоидты артритке қарсы дәрілік заттардың тағайындалуы жыл мезгіліне байланысты еместігі анықталды (Сурет 22).



Сурет 22 - Жыл мезгіліне байланысты ревматоидты артритті емдеуде қолданылатын ДП тағайындалуы


Зерттеу барысында біз дәрігерлер мен фармацевттердің көпшілігі ДП тағайындауда тиімділік (58,8%), қауіпсіздік (37,5%), ДП әсер ету ұзақтығы мен жылдамдығы (27,5%), сондай-ақ жеке тәжірибе (17,5%) сияқты критерийлерді басшылыққа алатынын анықтадық. Респонденттердің таңдауына аз дәрежеде өндіруші компанияның (12,5%), медициналық өкілдердің (5%) немесе бұқаралық ақпарат құралдарының жарнамасымен (2,5%) препараттың құны (2,5%) әсер етеді (Сурет 23).



Сурет 23 - ДП тағайындау кезеңіндегі дәрігерлердің қалауы


Респонденттер, ревматоиды артрит кезінде Мелоксикам (31,5%), Диклофенак (28,7%), Лорноксикам (19,5%), Нимесулид (9,7%) және Кетопрофен (8,7%), Ацеклофенак (1,8%), Эторикоксиб (0,3%) сияқты белсенді заттары бар ДП-ны жиі тағайындайтын стероидты емес қабынуға қарсы

препараттар ретінде атап өтті. Сондай-ақ, сауалнама кезінде дәрігерлер ДП әсер етуші затына қарай тағайындайтындығын, өндіруші компания мен саудалық атаудың маңызды емес екендігін көрсетті (Сурет 24).



Сурет 24 - Дәрігерлер жиі тағайындайтын стероидты емес қабынуға қарсы препараттар

Қай өндіруші фирмалардың дәрі-дәрмектерін жиі тағайындайсыз деген сұраққа респонденттердің жауабы осылай болды: импорттық (91,2%), отандық (8,8%) (Сурет 25). Сондай-ақ, дәрігерлер дәрілік препаратты халықаралық патенттелмеген атауы бойынша ұсынатынын, бүткіл препараттардың саудалық атауымен таныс емес екендігін атап өтті.



Сурет 25 – Стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың өндірушілеріне дәрігерлердің қалауы мен сенімі

Осылайша, дәрігерлер мен фармацевттер өз жұмысында пациенттерге стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындау/ұсыну қажеттілігіне жиі тап болады, сауалнамаға қатысқандардың небәрі 8,8%-ы ғана отандық ДП-ға сенім білдірді. Алайда, медицина қызметкерлері пациенттерге дәрілік препарат тағайындар кезінде халықаралық патенттелмеген атауымен жазатынын, сондай-ақ, олар топ препараттарының барлық саудалық атауларымен, яғни барлық номенклатурамен және осы препараттар тобының барлық ассортиментімен таныс емес екендігін атап көрсетті.

### **3.5 Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың соңғы тұтынушыларының мінез-құлық ерекшеліктері мен сипаттамалары**

Сыртқы нарықтық жағдайларға байланысты біздің маркетингтік зерттеулеріміздің маңызды кезені тұтынушыларды, олардың мінез-құлқы мен сипаттамаларын талдау болды, өйткені мұның бәрі олардың қалауына сай өнімді өндіру мен сатуда маңызды рөл атқарады. Сенімді және объективті деректерді алу үшін біз әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі әдістерінің бірі ретінде сауалнама жүргіздік. Сауалнама Астана қаласының медициналық ұйымдарында, жалпы саны 70 адамды құрайтын ерікті түрде сауалнамаға қатысуға келіскен тұтынушылардың арасында жүргізілді (Қосымша Д).


Алынған мәліметтер мен оларды өңдеу негізінде сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі (70%) әйел кісілер болды (Сурет 26).



Сурет 26 - Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобын тұтынушылардың жынысы


Жас санатын анықтау үшін жүргізілген сауалнама нәтижесінде 41 мен 64 жас аралығындағы (47%) және 65 жастан асқан (35%) респонденттер басым болды (Сурет 27).






Сурет 27 - Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды тұтынушылардың жас ерекшеліктері

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды сатып алу жиілігі бойынша қойылған сұраққа респонденттердің 65,7% айына 1 рет; 25,7% 3 айда 1 рет; 5,7% жарты жылда 1 рет; 2,9% жылына 1 рет ғана сатып алатындығын көрсетті (Сурет 28).




Сурет 28 - Стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды респонденттердің сатып алу жиілігі

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығындағы стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың ассортиментіне көңіліңіз тола ма деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың дерлік барлығы (94,30%) ассортимент түрлеріне қанағаттанатындығын айтты (Сурет 29).




Сурет 29 - Тұтынушылардың стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың ассортиментіне қанағаттануы

Тұтынушылар үшін осы топ препараттарын сатып алу кезінде препараттың танымалдылығы мен емдеуде дәлелденгені (48,60%); препаратты емдеуші дәрігердің тағайындағаны (28,60%) маңызды болып табылады (Сурет 30).




Сурет 30 - ДП таңдау кезеңінде тұтынушылардың қалауы

Респонденттер жауабының нәтижесі бойынша 41,40% стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды буын ауруы себебінен, ал 21,40% бұлшықет және 21,10% бас ауруы болатындықтан сатып алатындығы анықталды (Сурет 31).



Сурет 31 - Респонденттердің стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды қолдану себептері

Төмендегі диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысушылар буын ауырсынуын емдеу үшін 34,3%-ы мелоксикам әсер етуші заты бар препараттарын таңдады, нәтижесінде жетекші позициялық орын алды. 24,3% лорноксикам препаратын, 22,9% диклофенакты, 11,4% нимесулид препараттарын қолданатындығын көрсетті (Сурет 32).



Сурет 32 - Тұтынушылар жиі қолданатын стероидты емес қабынуға қарсы препараттар

Дәрілік препараттарды таңдауда мән беретін қолдану жөніндегі нұсқаулықтың маңызды бөлімі ретінде қолдану көрсеткіші (77,10%), дозалау режимі, енгізі әдісі, емдеу ұзақтығы (50%) таңдалды. Респонденттер үшін ең аз критерий үлесі дәрілік препараттарты сақтау шарттары болды (Сурет 33).



Сурет 33 - ДП таңдауда мән беретін қолдану жөніндегі нұсқаулықтың маңызды бөлімдері

Сонымен, біз сауалнамаға қатысқандардың дерлік барлығы стероидты емес қабынуға қарсы препараттар ассортиментіне қанағаттанатынын (94,30%), тұтынушылар үшін препаратты сатып алу кезінде танымалдылығы мен емдеуде дәлелденгенімен (48,60%), препаратты емдеуші дәрігердің тағайындағаны (28,60%) маңызды екенін көрсетті. Сондай-ақ, тұтынушылардың сенімі әлі де импорттық препараттарда екендігіне байланысты, қазақстандық ДП-ның түпкі тұтынушылар арасындағы беделін жақсарту үшін белгілі бір күш-жігер қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ:

Фармацевтикалық нарық кез-келген елдің экономикасының маңызды саласы және оның экономикалық және әлеуметтік дамуының, халықтың әлауқатының деңгейі болып табылады. Елдің дамыған фармацевтикалық индустриясы өз экономикасының жоғары инновациялық дамуының көрсеткіші болып табылады. Нарықтарды маркетингтік талдау - бұл экономикалық тұрақсыздық жағдайында, халыққа медициналық көмек көрсету аясында теңгерімді шешім қабылдау үшін қажет ақпарат көзі.

Қазақстан Республикасында ревматоидты артриттің таралуы мен сырқаттанушылығы бойынша статистикалық деректер талданды. Аурулардың кең таралған кластары тыныс алу және ас қорыту органдарының аурулары, қан айналымы және несеп-жыныс жүйесі, көз аурулары, сондай-ақ тірек-қимыл жүйесі болып табылатыны анықталды.

Диссертациямен жұмыс барысында стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар нарығы <http://register.ndda.kz/category/search> ресми сайты бойынша зерделенді, нәтижесінде ҚР-да тіркелген осы топ препараттары мен өндіруші елдері, АТХ код бойынша жіктелуі, дәрілік нысандары мен дозалары, рецептпен және рецептсіз сатылатын препараттар, сондай-ақ, отандық өндірушілер үлесі анықталды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығының едәуір үлесін шет елдердің дәрі-дәрмектері құрайтынын көрсетті. Зерттелген кезеңде, нарықта 20-дан астам елдің стероидты емес қабынуға қарсы препараттары ұсынылған. Осы жағдайды ескере отырып отандық өндірушілер осы топ препараттарына импорттың орнын басуға ұмтылуы қажет екендігі айқындалды. Бұл процесс импортқа тәуелділікті төмендетуге және отандық дәрілік шикізат негізіндегі препараттарды өндіруге мүмкіндік береді.

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың нарығы 2019-2023 жылдар аралығындағы ақшалай және қаптама саны бойынша сату көрсеткіші, маркетингтік, фармакоэкономикалық, дәрілік заттарды қамтамасыз ету саласында қолданылатын нормативтік құжаттар, осы топ препараттарының баға диапазоны зерделенді. Медицина қызметкерлері мен тұтынушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелері осы топ препараттарының нарықтағы қазіргі жағдайларын анықтауға мүмкіндік берді.

Осы жүргізілген зерттеулер негізінде стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының препараттарын маркетингтік зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

## ТҰЖЫРЫМ:

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша қойылған міндеттер шешілді және мынадай қорытындылар тұжырымдалды:

1. Қазақстан Республикасы бойынша ревматикалық аурулардың таралу динамикасын талдау бойынша пациенттердің жалпы саны қалыптастырылды. Жүргізген талдау кезінде 60 жас және одан жоғары жас тобында зерттеу кезеңінде ерлер арасында РА ауруының едәуір өсуі байқалды, алайда әйелдердің таралуы бұрынғысынша жоғары болды, бұл ретте әйелдер мен ерлердің арақатынасы 3:1 болды. Географиялық аймақтар бойынша РА-ның таралуы мен сырқаттанушылығын талдау кезінде РА-ның ең көп тіркелген жағдайлары, оның ішінде әйелдер арасында Шымкент облысында байқалды. Ең аз жағдай Атырау облысында тіркелді.

2. Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар нарығына жүргізілген талдау негізінде жалпы ассортименті 354 саудалық атауын (5%) құрайтыны анықталды. 354 дәрілік препараттардың 7 (2%) түпнұсқалы дәрілік зат, ал 347 (98%) генериктер болып табылады. Отандық өндірушілер арасында үлес жағынан тек Нобель (40%) мен Санто (32%) ғана көш бастады, қалған бөлігі шет елдердің дәрілік препараттарына тиесілі.

3. Фармакоэкономикалық талдау нәтижелері бірдей курстық емдеу және ұқсас фармакологиялық белсенділігі бар отандық өндірістің салыстырылатын препараттары шетелдік препараттарға қарағанда экономикалық тұрғыдан тиімдірек екенін көрсетті, яғни құны арақатынасы бойынша басымдыққа ие.

4. Дәрігерлердің/фармацевттердің социологиялық зерттеулері олардың жұмысында бірнеше рет стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды тағайындау қажеттілігіне тап болғанын көрсетті, соның ішінде осы топ препараттарын 57,5% жиі, 17,5% сирек тағайындайды/ұсынады. Ал соңғы жылдары тағайындауды/ұсынуды қажет ететін пациенттердің жүгіну жиілігі артты. Ең жиі тағайындалған дәрілік заттар Мелоксикам эсер етуші заты бар препараттар (31,5%) және Диклофенак (28,7%) болды.

5. Әлеуметтанушылық зерттеу кезінде, тұтынушылардың көпшілігі әйелдер (70%) екені анықталды. Жас санатында 41 мен 64 жас аралығындағы респонденттер басым болды – 47%. Препараттарды сатып алу жиілігі бойынша тұтынушылар айына 1 рет (65,7%) барып, сатып алатындығын көрсетті. Тұтынушылар препараттарды сатып алу кезінде препараттың танымалдылығы мен емдеуде дәлелденгеніне (48,6%), сондай-ақ, емдеуші дәрігердің тағайындауына (28,6%) аса мән беретіндігін айтты.

6. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша «Астана медицина университеті» КеАҚ студенттері мен магистранттары үшін стероидты емес

қабынуға қарсы дәрілік заттар тобының препараттарын маркетингтік зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді және енгізілді.

### **ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫМДАР:**

1. ҚР бойынша жүргізілген стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың маркетингтік және фармакоэкономикалық талдау нәтижелері отандық және шетелдік өндірістің зерттелетін тобының дәрілік заттарын таңдау, тұтыну кезіндегі сипаттамалары мен артықшылықтарын бағалауға және анықтауға мүмкіндік береді.

2. Генериктер түріндегі отандық стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттар өндірісін дамыту, онын ішінде пациенттерге, препараттарды қабылдаудың ыңғайлылығы үшін таблеткадан басқа да дәрілік нысандарды дамытып, отандық өндірісті қолға алу және мемлекет тарапынан қолдау көрсету.

3. Фармакоэкономикалық зерттеу нәтижелері тұтынушылардың дәрілік препараттарды ұтымды таңдауына, сатып алуына және тұтынуына көмектеседі және зерттелетін сегменттегі отандық препараттардың басым өндірісінің бастамасы бола алады.

4. Әзірленген әлеуметтанулық сауалнаманы медицина қызметкерлері стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттардың қолжетімділік сапасын зерттеу және жақсарту үшін пайдалана алады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Официальный сайт Всемирной организации здравоохранения / World Health Organization [Электронный ресурс].  
